



ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

AL-FARABI

JOURNAL OF SOCIO-
HUMANITARIAN STUDIES

ҚР ҒЖБМ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ШЖҚ РМК «ФИЛОСОФИЯ,
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ
ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ»

Мерзімді баспасөз басылмаларын және (немесе) ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы куәлік № 13403-Ж 22.02.2013 ж.

Журнал ҚР ҒЖМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің философия және саяси ғылымдары бойынша негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын ғылыми басылмалар тізіміне енгізілген. (Комитет бұйрығы 05.07.2013 ж. №1033; Комитет бұйрығы 20.08.2013 ж. № 1201).

2003 ж. шығарыла бастады
Жазылу көрсеткіші – 74671

ӘЛ-ФАРАБИ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ

№ 1 (89) 2025 ж.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ – КАЗАХСКАЯ ФИЛОСОФИЯ В ПОТОКЕ ИСТОРИИ

Чермухамбетов Е.Н., Барлыбаева Г.Г., Нүсінова Г.И.

Түркі философиясындағы адам мәселесі.....3

Әлжан Қ.У., Аташ Б.М.

Түркі-қазақ руханияты мен өмір салты эволюциясындағы әділеттік идеясы: концептуалды бағдарлары.....18

Жанғалиева А.Р., Ғариқолла Е., Рахматуллина З.Я., Шамахай С.

Қазақ философиясындағы заман ұғымының эволюциясы: кеңістік пен уақыт.....34

Дағарова Ж.Ө., Бакирова А.Т., Садуова Ж.Н.

Қазақ ағартушылығы: тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категорияларының арақатынасы.....48

ҚАЗІРГІ ФИЛОСОФИЯ: ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЛАБОРАТОРИЯСЫ – СОВРЕМЕННАЯ ФИЛОСОФИЯ: ТВОРЧЕСКАЯ ЛАБОРАТОРИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Сагикызы А., Токтаров Е.Б., Қонырбаева К.М.

Онтологические параметры идеала социальной справедливости.....62

Нұрмұратов С.Е., Жаңабаева Д.М., Мейрманов А.Д.

Қазіргі әлемдегі цифрлық технологиялар: құндылық аспектілері және олардың қазақстандық бірегейлікке әсері...75

Толымханова Г.А., Абдрасилова Г.З., Бейсенова С.Ж.

Тілдік коммуникация философиялық зерттеу нысаны ретінде.....87

Kakimzhanova M.K., Nukesheva A.Zh., Orazaliyev B., Aimbetova U.U.

Old Age and Retirement Age: a Philosophical View of Inclusion and Diversity in Modern Society.....99

© Философия, саясаттану және дінтану институты
050010, Алматы, Шевченко көшесі, 28, www.alfarabijournal.org

© Filosofia, saiasattanu және dintanu instituty
050010, Almaty, Şevchenko köşesi, 28, www.alfarabijournal.org



АЛЬ-ФАРАБИ

ЖУРНАЛ СОЦИОГУМАНИТАРНЫХ
ИССЛЕДОВАНИЙ

АЛ-ФАРАБИ

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖУРНАЛЫ

№ 1 (89) 2025 г.

БАСТАУЛАРДАН ПОСТМОДЕРНГЕ ДЕЙІНГІ ФИЛОСОФИЯ – ФИЛОСОФИЯ ОТ ИСТОКОВ ДО ПОСТМОДЕРНА

Shadmanov K.B.

Donne's Poetic Journey: in Search of the "Golden Mean"
Between Temple and Light.....116

ДІНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР – РЕЛИГИОВЕДЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

Zhanykulov N., Dossaliyev T., Saifunov B.

Religion-Moral Relationship in the Context of Religious
Morality and Secular Morality.....129

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ – ЧЕЛОВЕК И ОБЩЕСТВО

Шаукенова З.К.

Концептуальное моделирование социальной
стратификации в дисциплинарном пространстве
социологии идентичности.....147

Курганская В.Д., Дунаев В.Ю., Абрахматова Г.А.

Этностереотипы в общественном сознании
казахстанцев.....157

Our authors.....173

Content.....177

РГП на ПХВ «ИНСТИТУТ
ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ
И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ»
КОМИТЕТА НАУКИ
МНВО РК

Свидетельство о постановке
на учет периодического
издания и (или)
информационного агентства
№13403-Ж от 22.02.2013 г.

Журнал включен в перечень
научных изданий, рекомендуемых
Комитетом по контролю в сфере
образования и науки МНВО РК для
публикации основных результатов
научной деятельности по философ-
ским и политическим наукам
(приказ Комитета от 05.07.2013 г.

№ 1033; приказ Комитета от
20.08.2013 г. № 1201).

Издается с 2003 г.

Подписной индекс – 74671

© Философия, саясаттану және дінтану институты
050010, Алматы, Шевченко көшесі, 28 www.alfarabijournal.org

© Filosofia, saiasattanu және dıntanu instituty
050010, Almaty, Şevchenko köşesi, 28, www.alfarabijournal.org

ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ*

¹*Чермухамбетов Ерлан Нұрмұхаметұлы,*

²*Барлыбаева Гаухар Ғинаядқызы, ³Нүсіпова Гүлнар Игенбайқызы*

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)*

^{2,3}*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)*

¹*erlan_chen@mail.ru, ²gbarlubaeva@mail.ru, ³gulnara.nussipova@iph.kz*

¹*Chermukhambetov Erlan, ²Barlybayeva Gaukhar, ³Nussipova Gulnara*

¹*Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

^{2,3}*Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies
of the RK MHES CS (Almaty, Kazakhstan)*

¹*erlan_chen@mail.ru, ²gbarlubaeva@mail.ru, ³gulnara.nussipova@iph.kz*

Аңдатпа. Мақалада түркі ойшылдарының адам мәселесіне қатысты идеяларының сабақтастығы мен өзара үндестігі жан-жақты талданады. Жалпы философия тарихында аса маңызды тақырыптардың бірі – адам және оның құндылықтары, рухани болмысы мен әлемге деген көзқарасы болып табылады. Бұл сұрақтар түркі философиялық дәстүрінде де айрықша орын алған. Қорқыттан бастап Мұхаммед Хайдар Дулатиге дейінгі ойшылдар адамзат болмысының мәнін, өмірдің мағынасын, әділет пен ізгіліктің рөлін өздерінің рухани ізденістерінің өзегі етіп қарастырған.

Қорқыт философиясы – адам өмірінің өткіншілігі мен мәңгілігі, шындық пен жалғандық, болмыс пен бейболмыс ұғымдарын тереңінен зерделеген даналық үлгісі. Ол этикалық және антропологиялық мәселелермен қатар, дүние болмысының онтологиялық және метафизикалық сырын ұғынуға ұмтылған. Әл-Фараби адам өмірінің мәнін уақыт шектеулерінен асып, кемелдікке және шынайы бақытқа жету деп түсіндірген. Ойшыл қоғамды тірі организмге теңеп, адам ағзасындағы әр мүше өзара үйлесімді жұмыс істегенде ғана оның дұрыс қызмет атқаратыны сияқты, қоғам мүшелері де бір-біріне қолдау көрсеткен жағдайда ғана ізгілікті қоғам құруға болатынын тұжырымдайды. Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи және Мұхаммед Хайдар Дулати сынды ойшылдардың шығармаларында да адам мәселесі әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарымен үндес келеді. Бұл тұлғалардың еңбектерінде адамгершілік, рухани кемелдену, әділеттілік және білімнің маңызы айрықша аталып, адамның қоғамдағы орны мен жауапкершілігі жан-жақты талданады. Ортағасырлық түркі философиясы адамзаттық құндылықтарды, рухани жетілуді және әділетті қоғам құру идеяларын негізге ала отырып, қазіргі заман үшін де өзекті болып қала беретін терең

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

* Мақала AP19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері» атты гранттық қаржыландыру жобасы бойынша дайындалды.

ойларды ұсынады. Бұл еңбектерді зерттеу түркі өркениетінің зияткерлік мұрасын түсінуге ғана емес, сондай-ақ жаһандық философиялық ойдың дамуындағы ортақ заңдылықтарды анықтауға да мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: адам мәселесі, этикалық құндылықтар, үндестік, сабақтастық, ортағасырлық түркі философиясы, ойшылдар, шығармалар.

Кіріспе

Адамзат тарихында әртүрлі қырынан зерттеліп, өз шешімін тауып келе жатқан әрі болашақта да зерттеле беретін ең асыл құндылық – адам және оның болмысы. Адам факторы әрдайым адамгершілік мұраттарға негізделген, жасампаз әрі үйлесімді қоғам қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Адам мен табиғаттың өзара үйлесімін, адами қарым-қатынастардың гармониясын және оның қоғамдық байланыстарын терең түсіну – әлеуметтік философияның басты мәселелерінің бірі. Адамзат өз рухани және әлеуметтік дамуының жаңа кезеңдеріне тек осы мәселелерді шешу арқылы ғана қадам баса алады. Философия адамға бет бұра бастаған кезден бастап, адам табиғатын тану және оның өзін-өзі түсінуі философиялық ойдың басты нысанына айналды. Тарих барысында адамның болмыспен қарым-қатынасы, рухани және танымдық әлеуеті туралы көптеген саналы ой-пікірлер айтылып, ғылыми дискурстар жүргізілді.

Адамды зерттейтін ғылымдар арасында философия ерекше орын алады, өйткені ол адамның танымдық қабілеттерін, рухани болмысын, құндылықтық бағдарларын, сондай-ақ оның әмбебаптық сипаты мен болмыспен үйлесімін тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, адам мәселесін философия тарихындағы ең басты және өзекті тақырыптардың бірі деп атауға толық негіз бар. Бұл мәселе ортағасырлық түркі философиялық дәстүрінде де ерекше маңызға ие болды. Түркі ойшылдары адамның рухани және әлеуметтік табиғатын, оның қоғаммен байланысын жан-жақты түсінуге ұмтылды. Осылайша, адам мәселесі тек қазіргі заманның ғана емес, жалпы тарихи-философиялық ойдың өзегі болып табылады.

Қазақ философиясы да бұл тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Егер батыстық философияда онтологиялық және гносеологиялық мәселелер басым болса, қазақ философиясы, керісінше, этика, антропология және аксиология мәселелеріне көбірек назар аударады, сондай-ақ рухани құндылықтарды ерекше мәнге ие етеді [1, 48 б.]. Осы зерттеуде VIII ғасырда өмір сүрген түркі әлеміне ортақ кемеңгер Қорқыт ата, исламдық философияның көрнекті өкілдері – Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати, сондай-

ақ қазақ философиясындағы сопылық дәстүрдің негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі адам мәселесіне қатысты идеялардың өзара үндестігі мен сабақтастығы қарастырылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында ортағасырлық түркі философиялық дәстүріндегі адам мәселесіне қатысты ойшылдардың көзқарастарындағы үндестік пен сабақтастықты айқындау және түсіну негізгі бағдар ретінде алынады. Бұл мақсатқа жету үшін Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің дүниетанымдық болмысын зерделеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Аталған ойшылдардың адамның өмірмәндік құндылықтарына, рухани болмысына қатысты тұжырымдарының мәнін тереңірек түсіну үшін компаративистік тәсіл қолданылды. Бұл әдіс олардың мәтіндерін салыстыра отырып, семиотикалық мән-мазмұнын ашуға, идеялық сабақтастық пен айырмашылықтарды бағамдауға мүмкіндік береді.

Түркі-мұсылман философиясының адам мен әлем тұтастығын пайымдаудағы өзіндік ерекшеліктері

Батыстық дәстүрдегі философияны меңгеріп, философияның таза теориялық мәселелерін зерделеген әл-Фараби болғанымен, түркі ойшылдарының шығармашылықтары философияның маңызды мәселелерін ұғымдар мен категориялардан бөлек, өмірмәндік универсалиялар тұрғысынан пайымдауларымен ерекшеленеді. Осыған орай этнограф Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегінде: «Қазақтың дәстүрлі қоғамында философия жеке-дара білім саласы тұрғысында зерделенбеген. Философия – көшпелі қазақтар үшін өмір-салты, мағыналы да мазмұнды өмір сүрудің қалыбы болған. Яғни, философияға жеке пән тұрғысында қарамаған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамдар философияға сүйеніп өмірді өзгертуді ойламаған. Керісінше, өздерін философ (кемел адам, бүтін адам, көшпелі адам, көргенді азамат, жөн-жоба білетін адам) деңгейіне көтеру арқылы қоғамдық өмірдің үйлесімді де ретті болатынына сенген. Осылайша, қазақтың дәстүрлі философиясын шын мәнінде даналық биігіне көтерілгендердің нақтылы өмір туралы айтқан абсолютті ақиқаты деуге болады» [2, 19 б.] деп, оның ең бірінші өмірлік тәжірибеге негізделген практикалық философия болғандығын тұжырымдайды.

Сондай-ақ осы еңбегінде ғалым, түрік және түркі сөздерінің ғылыми айналымға қашан және неліктен енгенін де анықтай кетеді. Деректерге

сүйенсек, түркі тектес ру-тайпалардың жалпы саны 12 мыңдай екенін айтады [2, 55 б.], «Арғы тарихты былай қойғанда, XIX-XX ғасырлар аясында «татар-монғол», «түркі-монғол», «Қырым түркілері», «Қырым татарлары», «Осман түркілері», «Сібір татарлары», «Минусин татарлары», якуттар, кара қырғыздар, қырғыз-қайсақтар, т.б. деп келетін, негізінен сырттан таңылған этнонимдер (экзоэтнонимдер) ғылыми және саяси тұрғыда нақтылана бастады. 1923 жылы орыс ғалымы А.И. Самойлович «турок» («түрік») сөзін түрік ұлтына қатысты, ал «тюрк» («түркі») сөзін түркі тілдес халықтарға қатысты қолдану жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс дүниежүзі түркологтарының, соның ішінде қазақ ғалымдарының арасында да қолдау тауып, сол кезден бастап қазақ тілінде «түрік» деп бұрынғы Осман түріктерін, ал «түркі» деп исі түркі тілдес халықтарды айтатын дәстүр қалыптасты» [2, 54 б.].

Белгілі ғалым Досай Кенжетай болса, өзінің «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы» атты еңбегінде, түрік философы Х.З. Үлкеннің ежелгі түркі философиясының ерекшеліктерін көне үнді, грек және иран философиясымен салыстыра зерттеп, түркілердің үнділер сияқты томаға тұйық, жабық, мистикалық табиғаттағы ұлт еместігін, көне гректер сияқты табиғат пен космостық жүйеге (низам-и алам) тұтқын, тағдырға оңай мойынсұнатын ұлт еместігін бағамдап, түріктердің әртүрлі мәдениет және өркениеттер арасындағы екі жақты сұхбаттың арқасында, өте терең реалистік дүниетанымға ие болғаны туралы жазады [3, 42 б.]. «Дәстүрлі түркілік дүниетанымда, әлем – ерекше мән-мағынаға ие болмыс. Әлем – Тәңірдің құты ретінде киелі, бақыттың көзі болып саналады. Әлем – адамның мәдени тіршілігінің кеңістігі. Бұл кеңістік әрдайым метафизикалық уақыт пен циклдық жаңару-жаратылу үстіндегі жанды болмыс. Адам да жанды болмыс ретінде өзін үнемі әлеммен үндестікте және тұтастықта қарастырады. Өйткені әлем адам үшін – ұстаз, танымның көзі, тәңірінің айнасы, мәдени құндылықтардың тұғыры» [3, 58 б.] дейді.

Қазақ философиясындағы адам мәселесінің негізгі ерекшелігі, бірінші, халқымыздың сан ғасырлық тарихы, дәстүрлі мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрінде көрініс тапқан халықтық танымға негізделген даналық екенін бағамдауға болады. Өйткені, көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз үшін білімнің көзі – ұлттық фольклор. Елдік пен ерлікке үндеген жыраулар поэзиясы, би-шешендердің өнегелі өсиеттері ғана емес, тұтас дүние, табиғат, қалыптасқан шаруашылық тәсілі, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен ырым-тиымдар, жөн-жоралғылар, отбасындағы тектілік тәрбиесі болатын.

Қорқыт және әл-Фараби

Түркі-қазақ философиясы даму тарихының әртүрлі кезеңдерінде адам мәселесі әр қырынан көрініп отырған. Мысалға, Қорқыт философиясы адам өмірінің мәніне қатысты этикалық және антропологиялық мәселелермен бірге, мәңгі мен өткінші, ақиқат пен жалғанның аражігін ажыратуға ұмтылып, дүние болмысының онтологиялық және метафизикалық сырына үңілген кемеңгерлік үлгісі. Зерттеушілер пайымдағандай, «Қорқыт есімі тарихи дәуірлерді, әртүрлі замандарды өрлеп өтіп, қазіргі жаһандану заманның адамымен өз даналығы арқылы сұхбатқа түседі, дүниенің барлық қиындықтарын жеңуге болатын рухани күштердің адам бойында мол екендігіне меңзейді, күйкі тірліктің мұқтаждығының арқауында жүрген пендені өмірдің мәні туралы бір сәтке болса да ойландырады, рухани қуат беріп, толғандырады» [1, 54 б.]. Яғни Қорқыт мұрасын зерделеу, бүгінгі қоғам дамуының өзекті мәселелерін де, сол қоғамды құрайтын жеке адам мен оның ішкі жан дүниесімен байланысты экзистенциалдық мәселелерді де тереңірек пайымдауға мүмкіндік беретін әдіснамалық тұрғыдан да игілікті іс дей аламыз. Зерттеушілер ұсынған герменевтикалық, мифсідендіру және компаративистік тәсілдерге [1, 73 б.] сүйене отырып пайымдасақ, Қорқыт туралы аңыздардың жеке адам мәселесін ғана емес, қоғамның да өзекті философиялық мәселелерін қамтып тұрғанын көреміз.

Қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің пайымдауынша, Қорқыттың өлімнен қашуының сыры, сол дәуірде қалыптасқан түрлі саяси қақтығыстар мен әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуімен байланысты заман қыспағын білдіретін метафора. Яғни Қорқыт қайда барса да алдынан көр қазып жатқан адамдар шығады [4]. Демек, бұл тек жеке адамның ғана өлімнен қорқуы, өлгісі келмеуі ғана емес, сол замандағы жан-жағы анталаған жау, билік пен байлыққа талас жолындағы қантөгістер, елдік пен егемендікке қауіп төнген алмағайып замандағы бүтіндей қоғамның басындағы ахуал, «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» не істеу керек деген сауалдың жауабы десек болады. «Аңыз бойынша Қорқыт бабамыз артына адамның өлімнен қашып құтылмайтындығы, оның ғұмырын жарық дүниеде бітіріп кеткен жасампаздық ісі мен өшпес өнері ғана жалғастыра алатындығы туралы данышпандық пәлсапалық байлам қалдырды» [1, 54 б.]. Сан жылдар бойы қобызын тартып, өлімге қарсы тұрған Қорқыт ақыр аяғында қалжырып, көзі ілініп кеткен кезінде қапысын тапқан ажал оны қайрақ жылан болып келіп шағып өлтіреді. Мұнда да аңызды тікелей қабылдауға болмайтынын ескеріп, астарлы мағынасына зер салсақ, соншама заман өлімге бой бермеген Қорқыттың ұйықтап кетіп, ажал құшқанын көреміз. Яғни ұйқының өзі мұнда адам табиғатына тән әлсіздік пен жетілмегендікті білдіретін рәміз рөлін атқарып тұрғандығы аңғарылады.

Ал Қорқыттан кейін өмір сүріп, өзінің терең білімі мен парасатының арқасында әлемнің Екінші ұстазы атанған ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби көшпелі өркениет қалыптастырған философиялық танымды Батыстың теориялық ғылымы және философиясымен ұштастыра отырып, өзінің философиялық жүйесін құрады. Адам өмірінің мәні мен мақсаты, өзінің уақыт аралығындағы шектеулілігін жойып, бақытқа жетуі - дені сау ағзаның мүлтіксіз жұмыс істейтіні тәрізді, әрбір қоғам мүшесі бір-біріне көмектесу арқылы игілікке жететін ізгілікті қоғам құруды тұжырымдайды. Дүние жаратылысы, болмыс құрылымын сараптай келіп, ондағы ақыл-парасатты тіршілік иесі ретінде ай асты әлемінің ең жоғары сатысында орналасқан адамның орнын анықтайды. Қоғамдық қайшылықтардың болмысын зерделей отырып, ұлттық мәдениет жеке адамның мінез-құлқынан басталатынын дәлелдеп, мінез әдеттен бастау алып, «абзал әрекет» инабатты болу керек дейді. «Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауына айналады» - деп жазады [5, 89 б.]. «Қайырымды қала» мәдениетін арттыратын негізгі мәселелер білім, өнер, әдебиет, музыка деп көрсетеді. Ойшыл философиясында адам мәселесін философияның онтологиялық және гносеологиялық мәселелерімен бірлікте қарастырады. «Фарабидің ойынша, адам өзінің болмыстық тіршілігін таным арқылы жүзеге асырады. Оның түсінігінде таным мен болмыс немесе таным арқылы бар болу тең ұғым» [6, 20 б.].

Адамды жетіле түсуге, бақытқа, молшылыққа жетелеуді көздеген Фарабидің әділетті қоғам құру идеясы, оның болмыс туралы ілімінің де, әлеуметтік философиясының да негізгі өзегін құрайды. Халықтар достығын насихаттау, мәдениетті, ғылымды жасауда барлық адам бірдей екенін насихаттаған гуманистік идеялары, оның өз заманындағы Шығыс елдерінің, әрі дүниежүзі халықтарының көкейкесті проблемаларымен үндесіп жатады. «Ойшыл адамды мақұлықаттардың ішіндегі ең кәміл және «ақыл-парасатты жануар» деп атайды. Әл-Фарабидің ойынша жеке, нақтылы нәрселерді пайымдаудың құралы түйсік, қиял және елестету болып табылады, бұлар адам үшін де, хайуан үшін де ортақ нәрсе, ал енді теориялық ойлаудың арқасында абстрактылы ұғымдарды танып білу қабілеті тек адамға ғана тән» [7, 227 б.].

Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи және Мұхаммед Хайдар Дулатидің ортақ рухани сабақтастығы

Ал Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи және Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты ойшылдардың да философиялық-поэтикалық шығармаларындағы адам мәселесінің әл-Фараби идеяларымен үндес екенін көреміз. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала

тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Азаматтық саясат» еңбектерінде адам, қоғам мәселелерін қарастырғанда дүние жаратылысы, болмыс құрылымын зерделеп, сол иерархиядағы адам мен қоғам орнын анықтайды. Қоғам түрлерін ажыратып, оның басында тұратын басшы жайын әңгімелейді. Жүсіп Баласағұн да өзінің әлеуметтік-этикалық мәселелерге арналған «Құтты білік» еңбегінде дүние жаратылысындағы қарама-қарсылықтардың тұтаса келіп, үйлесім тапқанын баяндау арқылы суреттейді. Дүние бастауын от, су, ауа, жер стихияларының бірлігінен туындайтынын, үштік қағидаға негізделген Ғалам мен өмір пайда болуының сырын былайша айшықтайды:

Үші - көктем, үші - күздің жұлдызы,
Үші - қыстың, үші - жаздың жұлдызы,
Үшеуі - су, үшеуі - жел, үшеуі - от,
Үш - топырақ - ғалам солай жаралды.
Бір-біріне жаулар бұлар өлгенше,
Жауды жауға салып, қойған сөнгенше,
Қатыспас жаулар, іштей тынып жарасқан
Көріспес жаулар, өшіп бүгін тарасқан,
Жаратушы хақ жаратты апарып,
Жаратты да, жарастырды қатарын [8, 62 б.].

Одан бөлек Баласағұн, әл-Фараби пайымдағандай, елді дұрыс жолға салушы басшы жайын және әділ заңның үстемдік етуінің мәнін:

Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,
Бегі әділ ме?! Берік елдің жұлпыны! [9, 229 б.] – деп екі жол бәйітке сыйдырса, енді бір бәйітте, адамгершілік, тектілік, батылдық жайын:

Жүректілер жүрексізді бастаса,
Жүрек бітер бәріне де басқаша!
Біл, арыстан басшы болса иттерге,
Арыстандай күркірер кеп иттер де!
Арыстандар басы болса ит бір күн,
Арыстандар жасар еді ит тірлік!! [9, 230 б.] – деп өлең сөзбен өрнектейді. Білім, кісілік сияқты қасиеттерге байланысты:

Білімсізге төрден орын болса, көр:
Төр – босаға, ал босаға болды төр!
Орын тисе данаға есік көзінен,
Есік – биік, төр – тағыңның өзінен!
Күллі құрмет білімдіге тиесі,
Мейілі, ол төр, мейілі есіктің иесі! [9, 234 б.] – деп, адамды ілім-білім игеруге үндейді.

Ж. Баласағұнның бұл еңбегінде кісіліктің, парасаттылықтың, адам болмысын жақсартатын күш екені, бүкіл бір қоғам болмысы адамның осы

ішкі әлемнің сұлулығынан туындайтын, содан жалғасатын тірек екендігі айқын көрінеді.

Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!
Күйіп-пісіп, өзінді отқа құлатпа!
Қай істе де жоғалтпағын сабырды,
Ұстамдылық үйіер мал, бағынды,
Тілінді тый, қарай жүргін көзіңе
Нәпсіңді тый, құлқының-жүт өзіңе! [8, 161 б.].

«Құтты білік» әр түрлі әлеуметтік топтағылардың көзқарастарын білдіреді, дастан мазмұнының ақиқаттылығымен, идеяларының өміршендігі және тіршілікке қажеттілігімен ерекшелінеді. Әсіресе, ел басқарушы бекке таптырмайтын кеңесші. Ойшыл еңбегінде өзі куә болған өркениеттің, Карахан мемлекетінің шарықтау кезеңіндегі өнер мен ғылымның жетістіктерін, сауда мен мәдениеттің жемістерін тілге тиек етудің орнына орта ғасырлық қоғам болмысының қарама-қайшылықты қатынастарының орталығында тұрған адамды негізгі зерттеу объектісі алады. Ж. Баласағұн пікірінше, кез келген адам салыстырмалы еркіндік кеңістігінде жүрсе де, ол ең алдымен ізгіліктің құлы. Ізгіліктің құлы болу адамның атақ-дәрежесін еш кемітпейді, себебі ізгілік-шындық іске бастар, адамды бақытқа жеткізер бірден-бір жол. Бұл тура жолдан тайған адамның адамдық сипаты жоғалып, оның орнын арамдық басады. Ал арамдықты түңілетін, жеңетін күш, қасиетіміз, ол-адамдық. Бұл жерде адамдық пен ізгілік, қайырымдылық түсініктері бір мағынаны, бір мақсатты білдіретін адам болмысының мәнділігін құрайды. Адамдық мәнділікті тұрақты етіп, ізгілікті дарытатын күш, құрал-ақыл мен білім деген қорытындыға келген ақын ойын келесі бәйіттен тануға болады:

«Екеуінде адамдықтың белгісі,
Ақыл, білім адастырмас, ей кісі!» [8, 205 б.].

Махмұд Қашқари және оның «Диуани лұғат-ат-түрк» еңбегіне келсек, зерттеуші Асқар Егеубаев пайымдағандай: аталған шығарма ғылыми сөздік болудың үстіне «Диуани-лұғат ат-түркте» көтерілген идеяларды ғылыми деректілік жағынан толықтырып, дәйектей түседі [9, 206 б.]. Махмұд Қашқари еңбегі тіл философиясы мен тіл білімі арнасында жазылған заманының теңдессіз ғылыми шығармасы. Бұл сөздік заманның бір орында тұрмайтынын дер кезінде түсінген автордың, сол замандағы түркі жұртының болмысын айшықтаушы құндылықтар атауы болып табылатын қария сөздер мен мақал-мәтелдерді, түрлі афоризмдер мен ел арасында тараған көптеген аңыз-әңгімелерді, ел тарихына қатысты құнды деректерді хатқа түсіруімен құнды еңбек. Бұл сөздіктен бүгінгі тілдік қолданыстағы көптеген жеке сөздер мен сөз тіркестерінің, қанатты сөздер мен тауып айтылған мақал-мәтелдердің бастапқы терең мағынасы

мен танымдық мәнін тереңірек тануға мүмкіндік аламыз. Ойшылдың шығармасында бұдан мың жыл бұрын халық арасына кең тараған мақал-мәтелдер, афоризмдер жиі ұшырайды. Халықтың мұндай сөздері адамдардың ғасырлық өмір тәжірибесінен туатыны мәлім. Мақал мен мәтелге айналып кеткен ғибрат сөздер өмірдің қыры мен сырына әбден қанығып барып жасалған пікірлер секілді болып келеді. Осыған қатысты «Диуани-лұғат ат-түрkte» кездесетін бірнеше шумақ жолдарын келтірсек болады:

Батыр – майданда, ғалым әңгімеде сыналар.

Күздің келетіні жаздан-ақ белгілі.

Бақыт белгісі – білім мен ақыл.

Әдептің басы – тіл.

«Диуани-лұғат ат-түрkte» осындай мақал-мәтелдерге қарап, бұдан он ғасырдай бұрын айтылған даналық ойлар бүгінгі күнге дейін өзінің алғашқы мән-мағынасын жоғалтпағанын көреміз.

Кеңесті іс келсе береді.

Кеңессіз іс кері кетеді.

Құс қанатымен,

Ер атымен,

Кісі аласы ішінде,

Жылқы аласы сыртыңда.

Ұлық болсаң, кішік бол,

Инген ырысына, бота боздайды.

Махмұд Қашқаридің бұлардан басқа да толып жатқан мақал-мәтелдері халықты әділдікке, ар-намысты жоғары ұстауға, махаббатқа адал болуға, мейірімділікке, ізгілікке үндейді.

Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи

Әл-Фарабидің философияға логика арқылы қадам басып, кейіннен метафизикаға ден қойғаны және де алғаш рет философия мен дін байланысының ерекшеліктеріне тоқталған философ екені белгілі. Сондықтан да Фарабиді, дін мен философия арасын жақындатуға, табыстыруға тырысқан философ ретінде танимыз. Фараби адамды Тәңірге ұластырудың әр түрлі жолдары бар екендігін айтады. Оның ойынша, Тәңірі сезім мен ақыл әлемнің үстіндегі, одан жоғары болмыс. Сондықтан да адам да осы әлемнің үстіне, жоғарыға көтерілуі тиіс. Осылайша сана-рух кемелдікке қауышатын шынайы танымға ұласып, экстаз арқылы Тәңірмен байланыс құрады. Тәңірде саф әрі абсолюттік сана мен ой бар. Адам Тәңірге осы принциптерді жүзеге асыру арқылы жақындай алады. Тәңір де өзіне жақындаған құлына мейіріммен жақындай түседі.

Фарабидің осы көзқарастары мен Қожа Ахмет Ясауи ілімі арасында ұқсастық айқын көрінеді. Ахмет Ясауи хикметтерінде өзін ұмытып, экстазға түсу арқылы көкке ұшқандығын айтады. Тәңірінің қасына барып, онымен бірлескендігінен мағлұмат береді. Фарабидің Тәңір түсінігі, Тәңірі – Әлем байланысы мәселесі, жақсылық пен жамандық, Тәңірінің бар екендігінің дәлелі, пайғамбар жайындағы жүйелі көзқарастары Ясауидің де өз хикметтерінде қарастырған негізгі мәселелер. Дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам өркениеті негізінен сусындаған ойшыл даналарымыздың бірі – философия, бірі – хикмет-даналық жолы арқылы адам мәселесі төңірегінде ой толғаған. Бірі – «инсани фазыл», яғни парасатты адам тұлғасын сомдаса, екіншісі «инсани камил», яғни кемел адамды мұрат еткен. Фараби ұлы бақытқа жету жолында рух-сананың тазалығын, Ясауи хаққа жету үшін рухты нәпсіден арылтудың жолын көрсетіп отыр. Дін – адамды иман арқылы ақиқатқа жетелесе, философия – сол иманды рационалдық жолмен нығайтуға негізделген ойлау жүйелерін қалыптастырады.

Ясауи ұстанған сопылық философиясының ең басты мәселесі – адам және оның рухани кемелдігі. Ол Тәңірді тануды және Оған қауышуды мақсат етіп, «өзін таныған Хақты да таниды» деген ұстаным негізінде адамның ішкі және сыртқы әлемін терең тануға көңіл бөледі. Яғни Ақиқат пен тұтастыққа жетудің жолы адамды танудан, оның сырын ұғынып, таба білуден басталады. Сондықтан да сопылық ілім адамды жан-жақты зерттеп, түсінуге ұмтылады. Сопылық Адамзат жаратылысының себебі Құдайдың шексіз махаббатында деп біледі. Яғни Құдай өзінің махаббатының нысаны ретінде адамды жаратты. Адамзат бүкіл жаратылыстың ішіндегі жауһары, ең сүйіктісі. Махаббат әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы өзінің орнын белгілеуге, өзін-өзі тануға, жаратылыс сырын пайымдауға мүмкіндік беретін маңызды таным-түйсігі. Сондықтан да Ясауи бойынша махаббаттың сипаты да түрліше. Мысалы, Адам мен Алла арасындағы махаббат – имандылықтың, ер мен әйел махаббаты – отбасының, Отанның беріктігінің, ұстаз бен шәкірт махаббаты – білімнің, ата-ана мен бала, туысқандар арасындағы махаббат – елдіктің, т.б. қастерлі құндылықтардың кепілі әрі бастауы. Осындай басқа да махаббаттардың барлығы – пенденің Аллаға деген махаббатының алғашқы сатыларының бірі. Адамның Хақты тану құралы ретінде ақыл мен жүректі атасақ, махаббат осы жүрек танымының азығы, күш-қуаты, жебеушісі. Осы тұрғыдан махаббат сопылық ілімдегі хақты танудың ең басты гносеологиялық категориясы болып саналады [10].

Әл-Фараби мен Мухаммед Хайдар Дулати

Әл-Фараби мен Мухаммед Хайдар Дулатидің философиялық көз-қарастарының ұқсас жақтарына келсек, олардың концепцияларындағы этика жөніндегі – жақсылық, мейірбандық категорияларына қатысты идеялары назар аударады. «Жақсылық, – дейді әл-Фараби, – мазмұн-мағынаның бір бөлігі, сондықтан ол материяның өзінде бітіп қайнап жатыр. Ал жамандық жақсылық сияқты емес, ол болмыс жоқ жерден пайда болған» – дейді [11, 389 б].

Адам мен адам арасындағы қарым-қатынас дүниедегі ең күрделі мәселелердің бірі. Оның сырын ұғуға барша адамзат қашаннан-ақ мүдделі болып келгені белгілі. Бірақ адам жөнінде қанша айтылып, қанша жазылса да, оның сыры әлі күнге дейін түгел ашылып болған жоқ. Адамдар арасындағы қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты, махаббат пен зұлымдықты, адамды сүю мен оның іс-әрекетін, қиял-арманын құрметтеу жайлы мағлұматтарды біз М.Х. Дулатидің кітабынан таба аламыз.

Қазақ тарих философиясының атасы Мұхаммед Хайдар Дулати – белгілі тарихшы, ақын, әдебиетші, Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды түпнұсқа болып саналатын «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» дастандарының авторы. Ол 1499 жылы Ташкент маңында дүниеге келіп, 1551 жылы Үндістанның Кашмир уалаятында дүниеден озған. Ойшыл еңбектерінің құндылығы сол, ол Қазақ хандығының құрылуы қарсаңында өмір сүріп, тарихқа арналған аталмыш еңбегінде өз көзімен көріп, өзі куә болған тарихи оқиғалар туралы шынайы деректер келтірілгенімен құнды туынды. Сонымен қатар ойшыл мұрасы, Қорқыт пен Фараби, Баласағұннан жалғасқан элеуметтік-этикалық мәселелерді өзінің философиялық-дидактикалық «Жаһаннаме» дастанында адамгершілік арнасындағы ой-толғамдарын өлеңмен өрнектеген ақындық болмысымен де, руханиятымызға өлшеусіз үлес қосқан тұлға ретінде де ел тарихтан өз орнын алған құнды дүние.

Дулати адам бойында жамандық ойлау, жеңілтектік, өзінің қара басын ғана ойлау, жалақорлық, өтірікшілік, т.б. қасиеттер адам асқақтаған кезде араны ашылып, тойымсыз ниет пайда бола бастайды деп түсіндіреді. Сондықтан мемлекет басшысы, осы қасиеттерді ауыздықтай алмаса, бүкіл халқын апатқа ұшырататыны сөзсіз. Басшы әрқашан қарапайым халықпен ой бөлісіп, санасып, жарлық шығарарда шарифат заңдарын бұрмаламай, әділ болу керектігін ескертеді. Ойшыл өзінің еңбектерінде адам психологиясының көп қырлы жақтарын көрсететін деректердің – адамның көңіл-күйі, қайғы-қасыреті, қуаныш-сүйініші, тән, жан, шаттық, үрей, қорқыныш жайлы түсініктерге де тоқтала кетіп, көңіл бөледі. Мы-

салы «Тарих-и Рашиди» шығармасында бұл түсініктерді өлең түрінде жеткізеді:

«Кім үшін де қорқыныш, үрей деген ауыр жүк,
Төбе шашы тік тұрып, қоя берді абыржып» [12, 345 б.]

Жан мен тән ұғымын талдай отырып, былай дейді:

«Жаны болдым жанымның, жаны болдым жаныңның.

Рухы бір екі тән - солай менін танымым» десе, келесі бір өлеңінде өлген адам қайта тірілмейтіндігін ескертіп, адамдар арасында мейірімділікті үндейді;

«Оп-оңай, тірі жанды өлтіру,

Мүмкін емес қайтадан тірі күйге келтіру» [12, 369 б].

Әсіресе, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға көңіл бөле отырып, әлеумет пен қоғамның да қатты әсері тиіп отырғандығын меңзейді. М.Х. Дулатидің «Жаһан-наме» поэмасы адамдарды адамгершілікке шақыру туралы шығарма деп атауға болады. Олай дейтініміз, оның еңбектеріндегі басты идеялары адамдарды тәрбиелеу, зұлымдық барып тұрған әлеуметтік ауыру, оны тек оқу-тәрбие арқылы ғана жоюға болады деген ағартушылық идеялары көптен кездеседі.

Адамның бойынан әділет, қанағат, парасат, адамгершілік сияқты қасиеттер табылса, онда бүкіл адамзат атаулы бақытты болар еді деген идеяларды үндейді. Тарих-и Рашиди еңбегі мен Жаһан наме поэмасында көтерілген тәлімдік маңызы зор келесі бір мәселе адамның мінез-құлқы, оның қоғамдағы орны туралы. Мысалы:

«Тағына отыр сұлтандық, тұлпарыңа мін өзің,

Дәруіштей биязы болғай бірақ мінезің» [12, 411 б.].

Адам дүниеге қонақ, оның өмірі өткінші, содықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы тиіс. Екі жүзді болмай, сөз бен істі бір жерден шығару керек. Ойшыл, адамды моральдік жағынан жетілдіруде, ақыл-ойға ерекше мән берген. М.Х.Дулатидің шығармаларындағы ұлағатты лебіздер, бейнелі салыстырулар мен теңеулер, нақылдар мен мақал-мәтелдер күні бүгінге дейін өзінің мәнін жойған жоқ.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ халқы үшін өмір сүру және оны мәнді өткізу – ең басты құндылықтардың бірі. Халық өмірді, жарық дүниені жоғары бағалап, оны адамға берілген баға жетпес сый ретінде қабылдайды. Сонымен қатар, өмірдің өткіншілігін, оның мәңгілік еместігін де жақсы түсінеді. Алайда, өлімді қорқынышты құбылыс ретінде емес, керісінше, мәнді өмір сүрген адамның артында қалдырған мұрасы мен ізгілікті істері арқылы жеңуге болатын заңдылық деп қарастырады. Дүние бір орында

тұрмайтынын, барлығы өзгеріске ұшырайтынын, уақыттың өз ағыны бар екенін терең сезініп, соған бейімделе білудің маңыздылығын ұғынады.

Ортағасырлық түркі философиясының көрнекті өкілдері – Қорқыт, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи және Мұхаммед Хайдар Дулати адам мен қоғамның орны, өмірдің мәні, ақиқат пен әділеттілік, білім мен рухани кемелдену туралы құнды ойларын қалдырды. Олардың мұрасы тек түркі дүниесінің ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани құндылықтарының ажырамас бөлігіне айналып, өркениет дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде бұл ойшылдардың еңбектері мен идеялары өз маңызын жоймақ емес. Керісінше, олардың даналығы адамзаттың қазіргі кездегі рухани-әлеуметтік, мәдени және этикалық мәселелерді шешу жолында таптырмас бағдар бола алады. Ұлы ойшылдардың еңбектерін зерттеу – тек өткенге үңілу ғана емес, сондай-ақ болашаққа бағыт-бағдар іздеудің, ұлттың және жалпы адамзаттың рухани дамуына серпін берудің кепілі. Сол себепті, олардың өсиеттері мен тұжырымдары бүгінгі және келер ұрпақ үшін де өзекті болып қала бермек.

Әдебиеттер

1 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 1 том. – 400 б.

2 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау: зерттеу / А. Сейдімбек. – Астана: Фолиант, 2008. – 726 б.

3 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы: монография / Д. Кенжетай. ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, Мәдениет ком. – Алматы: Арыс, 2008. – 355 б.

4 Байтасов А. Большое интервью Мурата Ауэзова. Часть 1. https://www.youtube.com/watch?v=_tFPwGaLSRQ

5 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1972.

6 Кенжетай Д. Фарабидің түркі-ислам философиясындағы орны // Әл-Фараби. – 2012. – № 4(40). – Б. 16-24.

7 Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 5-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. (2 бөлім). – Астана: ТОО «Лотос – Астана», 2007. – 299 б.

8 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 615 б.

9 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.17: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер / Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, А. Егеубаев. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. – 380 б.

10 Мейірманов А. Қожа Ахмет Ясауи рухани мұрасының философиялық қырлары // Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. 1-том. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2014. – 400 б.

11 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973.

12 Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 2003. – 616 б.

Transliteration

1 Qazaq filosofiyasy tarihy (ezhelgi dauirden qazirgi zamanga dejin) Qazaq filosofiyasynyn kalyptasuy: ezhelgi turkilik dauir [History of Kazakh Philosophy (From Ancient Times to Modern Times) Formation of Kazakh Philosophy: Ancient Turkic Era] / Z.K. Shaukenova zhane S.E. Nurmuratovtyn zhalpy redakciyasymen. – Almaty: QR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty, 2014. – 1 tom. – 400 b.

2 Sejdimbek A. Qazaqtyn auyzsha tarihy: shezhirelik derekterdi pajymdau: zertteu [Kazakh Oral History: Analysis of Genealogical Data: Research] / A. Sejdimbek. – Astana: Foliand, 2008. – 726 b.

3 Kenzhetaj D. Qozha Ahmet Yasawi duniyanymy: monografiya [Worldview of Khoja Ahmet Yasawi: Monograph] / D. Kenzhetaj. QR madeniet zhane apparat m-gi, Madeniet kom. – Almaty: Arys, 2008. – 355 b.

4 Bajtasov A. Bol'shoye interv'yu Murata Auezova [Big Interview with Murat Auevov]. Chast' 1. <https://www.youtube.com/watch?v=tFPwGaLSRQ>

5 Al-Farabi. Filosofiyalyq traktattar [Philosophical Treatises]. – Almaty: Fylym, 1972.

6 Kenzhetaj D. Farabidin turki-islam filosofiyasyndagy orny [Farabi's Place in Turkish-Islamic Philosophy] // Əl-Farabi. – 2012. – № 4(40). – B. 16-24.

7 Abu Nasyr al-Farabi. 10 tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of Works in 10 Volumes]. 5-tom. Aleumettik filosofiya. Etika. Estetika. (2 belim). – Astana: TOO «Lotos – Astana», 2007. – 299 b.

8 Balasagun Zh. Kutty bilik [Kutty Bilik]. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 615 b.

9 Klassikalyq zertteuler: Kop tomdyq [Classical Studies: Multivolume]. T.17: Kone turki adebieti turaly zertteuler / Қ. Omiraliev, N. Kelimbetov, A. Egeubaev. – Almaty: «Adebiat Alemi», 2013. – 380 b.

10 Mejirmanov A. Qozha Ahmet Yasawi ruhani murasynyn filosofiyalyq qyrlary [Philosophical Aspects of Khoja Ahmet Yasawi's Spiritual Heritage] // Qazaq filosofiyasy tarihy (ezhelgi dauirden qazirgi zamanga dejin). Qazaq filosofiyasynyn qalyptasuy: ezhelgi turkilik dauir / Z.K. Shaukenova zhane S.E. Nurmuratovtyn zhalpy redakciyasymen. 1-tom. – Almaty: QR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu Instituty, 2014. – 400 b.

11 Al-Farabi. Aleumettik-etikalyq traktattar [Socio-Ethical Treatises]. – Almaty: Gylym, 1973.

12 Muhamed Hajdar Dulati. Tarih-i Rashidi. – Almaty: Sanat, 2003. – 616 b.

Чермухамбетов Е.Н., Барлыбаева Г.Г., Нусипова Г.И.

Проблема человека в средневековой тюркской философии

Аннотация. В статье исследуется преемственность и созвучие идей средневековых тюркских мыслителей, посвященных проблеме человека, его духовной сущности, ценностных ориентиров и взаимоотношений с окружающим миром. Человеческая природа, ее онтологические и этические аспекты, а также стремление к истине и гармонии остаются ключевыми вопросами философии на протяжении веков. В данном контексте философские традиции тюркского мира, начиная с Коркыта и заканчивая Мухаммедом Хайдаром Дулати, представляют собой важный пласт интеллектуального наследия, отражающий эволюцию взглядов на место человека в бытии. Философия Коркыта является знаковым примером духовных поисков, направленных на осмысление смысла жизни, соотношения вечного и преходящего, истины и иллюзии. Его размышления затрагивают не только этические и антропологические аспекты, но и глубинные онтологические и

метафизические вопросы бытия. В свою очередь, аль-Фараби формулирует концепцию идеального общества, основанного на гармонии и сотрудничестве, уподобляя его здоровому организму, где каждый элемент выполняет свою функцию во благо общего целого. Согласно его учению, достижение счастья возможно через интеллектуальное и нравственное совершенствование, что позволяет человеку преодолеть границы временного существования. Идеи аль-Фараби находят отклик в трудах Юсуфа Баласагуни, Махмуда Кашгари, Ходжи Ахмеда Ясави и Мухаммеда Хайдара Дулати. Их философско-поэтические произведения раскрывают вопросы человеческого бытия, социальной справедливости, духовного самосовершенствования и постижения высшей истины. Эти мыслители закладывают основы гуманистической традиции тюркской философии, актуальной и в современном мире. Изучение их трудов позволяет не только проследить эволюцию тюркской философии, но и выявить общие закономерности развития философской мысли в глобальном контексте.

Ключевые слова: проблема человека, этические ценности, созвучие, сходство, средневековая тюркская философия, мыслители, идеи, произведения.

Chermukhambetov E., Barlybaeva G., Nussipova G.
The Problem of Man in Medieval Turkic Philosophy

Abstract. The article explores the continuity and resonance of the ideas of medieval Turkic thinkers regarding the human being, their spiritual essence, value orientations, and relationship with the surrounding world. Human nature, its ontological and ethical aspects, as well as the pursuit of truth and harmony, have remained central questions of philosophy for centuries. In this context, the philosophical traditions of the Turkic world, from Korkyt to Muhammad Haidar Dulati, represent a significant intellectual heritage that reflects the evolution of perspectives on the place of humans in existence. Korkyt's philosophy serves as a landmark example of spiritual inquiry aimed at understanding the meaning of life, the relationship between the eternal and the transient, truth and illusion. His reflections address not only ethical and anthropological aspects but also profound ontological and metaphysical questions of being. In turn, Al-Farabi formulates the concept of an ideal society based on harmony and cooperation, likening it to a healthy organism where each element functions for the benefit of the whole. According to his teachings, attaining happiness is possible through intellectual and moral self-improvement, allowing a person to transcend the limitations of temporal existence. Al-Farabi's ideas resonate in the works of Yusuf Balasaghuni, Mahmud al-Kashgari, Khoja Ahmed Yasawi, and Muhammad Haidar Dulati. Their philosophical and poetic writings explore issues of human existence, social justice, spiritual self-perfection, and the pursuit of ultimate truth. These thinkers lay the foundation for the humanistic tradition of Turkic philosophy, which remains relevant in the modern world. The study of their works not only traces the evolution of Turkic philosophical thought but also reveals the broader patterns of philosophical development in a global context.

Key words: human problem, ethical values, sympathizers, similarities, medieval Turkic philosophy, thinkers, ideas, works.

ТҮРКІ-ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ МЕН ӨМІР САЛТЫ ЭВОЛЮЦИЯСЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ: КОНЦЕПТУАЛДЫ БАҒДАРЛАРЫ*

¹Әлжан Қуаныш Ұзақбайұлы, ²Аташ Берік Мұратұлы

¹ҚР ҚЖБМ Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹iph@iph.kz, ²atash_berik@mail.ru

¹Alzhan Kuanysh, ²Atash Berik

¹Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK
(Almaty, Kazakhstan)

²Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹iph@iph.kz, ²atash_berik@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада түркі-қазақ халқындағы әділеттілік идеясы концептуалды тұрғыдан қарастырылып, оның «әділеттілік», «әділетсіздік» түсініктерінен де кеңірек мағына беретін мазмұндық интермәтіндік, гипермәтіндік құрылымдары қарастырылды. Қазақ халқының тарихындағы әділеттілік қағидасының өзіндік кең масштабтары көрсетілді: жалпы әлем болмысындағы, жалпыадамзаттық-ұлттаралық, қоғамдық өмірдегі саяси-әлеуметтік, тұрмыстағы экзистенциалды әділеттілік. Негізінен, тұтастай алғанда, әділеттілік идеясы аясындағы «әділетсіздікпен күрес» феноменіне басымдылық берілді. «Әділетсіздікпен күрес» түсінігі «әділеттілік» ұғымының перифериясы емес, фреймдеріндегі негізгі прагматистік мағынасы екендігі негізге алынды да: «әділеттілік-әділетсіздік-әділетсіздікпен күрес» детерминантты түзілім ретінде көрсетілді. Жалпылама әлем болмысындағы табиғи заңдылықтар, әлемдік ерік, «тағдыр» мәселесіне байланысты әділетсіздікпен күрестің байырғы шамандық сенімдегі көріністері зерделенді және мифологиядағы әділеттілік қағидасының тұрақтылығы мысалдер ретінде берілді. Бұл орайда, халқымыздағы абсолютті ой мен іс еркіндігінің «шекарасыздығы» баса көрсетілді. Жалпыадамзаттық-ұлттаралық қатынас әділеттілігі-әділетсіздігінің арнасы көп жағдайда патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына деген наразылықтар және күрескерлік рух арқылы көрініс табатындығы дәйектелді. Ал қоғамдық өмірдегі әділеттілікті сақтаудың өзіндік бір заңдық-құқықтық ережелер бойынша бекітілгендігіне шолулар жасалып, «әділеттілік-әділетсіздіктің мистикалық-магиялық практикасы» деп атауға болатын құбылыстар талданды, оның кейбір феномендеріне түсіндірмелер беріліп, философиялық мағынасы туралы баяндалды.

Түйін сөздер: әділеттілік, әділетсіздікпен күрес, еркіндік, қазақ халқы, қоғамдық өмір, мифология, болмыс, онтология, адамзат.

* Мақала BR20280977 "Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер" ғылыми жобасы аясында әзірленді.

Кіріспе

Түркі-қазақ болмысындағы рухани әлемнің де негізін бір сызықты бағытқа бағындыруға келмейді, ол – плюралистік және әрқилы танымның өзіндік бір синкретті түсініктерін теріс көрмеді және интегративті-дифференциалды тұрғыны басшылыққа алып, оны өмір сүрудің бағдарларына айналдырды. Бұл тарихи үдеріс өз кезегінде, әрқилы мәдениеттердің тоғысқан тұсында оларды іріктеу мен сұрыптау арқылы жүріп отыратын әрқайсысына жаңа ракурс алаңын ашқандай болды. Мәселен, философиялық пайымдауларының өзі әлемді түйсінудің – метафизикалық-мистикалық, парағылыми-логикалық, этикалық-эстетикалық, холизмдік-конвенционалистік тұғырлары аясында қалыптасты. Сондықтан да, олардың әлем туралы пайымдаулары жалпылама кеңмәтінді концепттердің коннотацияларымен, макрокомпоненттерімен құрылымданды. Мәселен, құт, заман, кие т.б. тәрізді онтологиялық-антропологиялық мәні бар концепттерді түсіндірудің қиыншылығы да осы кең мағыналық пен лингвистикалық макрокомпоненттілігінде болып отыр. Бұндай пайымдаулар тек түркі халықтарында емес, әлемнің көптеген халықтарында да кездеседі. Мәселен, көне Үнділік «Брахма», «нирвана» т.б. діни-философиялық ұғымдар да кең мағыналы. Түркі қазақ халқындағы концепттер ғана емес, өмір салты мен ұстанымдары да өзіндік бір синтезделген үлкен алаңды қамтыды. Мәселен, көне заманғы шамандық, зорастримдік, тәңірлік, исламдық т.б. сенімдердің кіріктірілген форматындағы әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты осының айғағы.

Біз қарастырып отырған әділеттілік ұғымы да кең мағыналы лингвистикалық тұрғыдан келгенде, бірнеше семалар мен макрокомпоненттерді құрайтын концептуалды түсінік: адалдық, дауларға төреліктегі дұрыс шешімдер, қиянат жасамау, әділетсіздік, әділетсіздікпен күрес, зорлық-зомбылық жасамау этикасы, әлімжеттік т.б. Сондықтан да, біз әділеттілік ұғымын интермәтіндік-гипермәтіндік тұрғыдан кең мағынада бағамдауымыз керек.

Әділеттілік қазақ тіліне «аdl» (бағыттау) деген мағынаны білдіретін сөзден еніп, түрленуге ұшыраған деген зерттеулер де бар. Бірақ бұл оған дейін түркілік танымда әділеттілік туралы ұғым болмады дегенді білдірмейді, ол жеке дара түсінік ретінде қарастырылмаса да, «жалпы дүниенің даму заңдылығы» мен «адам-әлем», «адам-қоғам», «адам-адам», «қоғам-қоғам» қатынастарының жүйесінде қамтылды. Біз пайымдап жүргендей, тек қана «Әлеуметтік әділеттілік» түсінігімен шектеліп қалған жоқ, басқа да кең мазмұнды қамтитын мүмкіндіктерге ие болды.

Зерттеу әдіснамасы

Тарихи-философиялық туындылар негізінде мәтіндерге герменевтикалық және феноменологиялық, психоаналитикалық, лингво-семантикалық талдаулар жүргізілді, «әділеттілік» концептісі жеке дара және постструктуралистік тұрғыдан интермәтін-гипермәтіндер негізінде зерделенді. Сондай-ақ, салыстыру, жалпылау, абстракциялау, нақтылау т.б. логикалық операциялары қолданылды.

Түркі-қазақ дүниетанымындағы әділеттілік деңгейлері

Әділеттіліктің өзін философиялық тұрғыдан зерделеу оның көптармақты ғана емес, көпмәнді екендігін де жолға қоюды керек етеді. «Әділеттілікті элеуметтік философияның объектісі ретінде де, эстетикалық-этикалық категория ретінде де, табиғи-биологиялық жаратылыстың онтологиялық мәні ретінде де т.б. қарастыруға болады. Оның басты құндылықтық-мағыналық көрінісін де әрқилы бағдарда талдауға болады: моральдің логикалық параметрлері мен түпкі өлшемдері, саясат әлемінің мұраттары, тіршілікте тағайындалған, жеке даралық пен ұжымдасудың «конституциясы», тарихи эволюциядағы адамзаттық, ұлттық, нәсілшілдік, гендерлік, діни т.б. бірегейлікті сақтау ұстанымдары, сайып келгенде, заңдық-құқықтық саланың оңды «нәтижесі» болып табылады», - деп пайымдалған болатын [1, 29-40 бб.].

Осыған орай, біз әділеттілік атауы пайда болғанға дейінгі және одан кейінгі әділеттілік ұғымының түркі-қазақ халқындағы негізгі бағдарларын жинақтап көрсетуімізге болады.

Әділеттілік бастапқыда батыстық дүниетанымда да әрбір кезеңде әділеттілік атауымен емес, басқаша түсініктер негізінде құрылымданған [2, 49-55 бб.] және әр түрлі атаулармен немесе сол атаулар аясында өзіндік бір эволюциялық жүйені құрайды [3, 72-79 бб.]. Ендеше, түркі-қазақ дүниетанымындағы әділеттілікті шартты түрде әрқилы масштабтар аясында, жалпыдан жекеге қарай жүре отырып, былайша жіктеп көрсете аламыз: *а) жалпылама тұтас әлем болмысындағы; ә) жалпыадамзаттық-ұлттаралық қатынас негізіндегі; б) қоғамдық өмірдегі саяси-элеуметтік; в) тұрмыстағы экзистенциалды әділеттілік; г) магиялық-мистикалық күрес аймағы.*

Бұл көпжағдайда, ноуменалды емес, практикалық және функционалдық маңызға ие бола отырып, әділеттілік-әділетсіздік диалектикасы мен бинарлық позициясы бойынша еркіндікпен детерминацияланған түрде – физиологиялық-психологиялық параметрде «әділетсіздікпен күрес» арқылы ашыла түседі. Яғни, әділетті немесе әділетсіздік параметрлері элеуметтік болмыс шеңберінен шығарылды.

Мифтердегі (қазақ ертегілеріндегі) зұлымдық пен ізгіліктің күресінің түп себебі, нақ осы ажыратылған «әділеттілік-әділетсіздіктің дилеммасы континуумындағы»: «әділетсіздікпен күрес – әділеттілік орнату социумы» нәтижесінен туындаған игілікті арман-мұраттардың тұрақты, үздіксіз жүріп отыратын рухани құндылықтық бағдарларының мүлтіксіздігі деп айта аламыз. Ертегілердің фабуласындағы қортындынында – ізгілік пен зұлымдықтың күресінің нәтижесі – үнемі, ізгіліктің жеңісімен аяқталады, яғни, халықтық фольклористика әділеттіліктің жеңіске жетпей қоймайтындығы туралы конструкциялар жасап, оны осы үш тізбекті (триада) модельдерге бағындырады: «жайбарақат өмір – әділеттілік пен әділетсіздіктің күресі – әділеттіліктің жеңіске жетуі» немесе «бейтараптылық-әділетсіздік-әділеттілік» алгоритмімен құрылымдайды. Бұл барлық ертегілерге ортақ позитивті нәтижені көрсетуге арналған мазмұн.

У.Джемс «Соғыстың моральдік эквиваленті» еңбегінде барлық жағдайлардағы оның нақты көріністеріне тоқтала отырып, соғыс тек саяси-әлеуметтік мәселе емес, оның шынайы болмысы адамдар, халықтар, мемлекеттер арасындағы қажеттіліктер де емес, болған оқиғалар мен оның нәтижесі арқылы ғана анықталатын үдеріс екендігін түсіндіріп өтті [4]. Сондай-ақ, «зұлымдықты тек ол туралы айтып, айыптау арқылы ғана біздің жанымыз тыныштық табады» деп пайымдалған пікірлер де осы ертегілер оқиғасындағы «ізгіліктің үнемі жеңіске жететін мұраттарына» да сай келеді.

Бұл тұста, айта кететін жайт, түркі-қазақ дүниетанымына орай, жалпылама әлем болмысында белгілі бір антиномиялық схема қалыптасқан сыңайлы: «әлем болмысы мен заңдылығы әділетті» және ол «стихиялы ерік аясында әділетсіз». Бірақ стихиялы ерік аясындағы үдерістер А. Шопенгауэр тұжырымдағандай, әлдеқандай құдыретті, адам санасынан тыс, адамды да билей алатын жалпылама [5] волюнтаризм емес, адам еркімен тайталасқа түсе алады, ол қоғамда әділетсіздікпен күреске де ұштасады. Нақтырақ айтқанда, түркілік-қазақтық дүниетанымда да әлем стихиясындағы әділетсіздікпен күрес – шынайы өмірмәнділік функционалдылыққа ие болған деп пайымдауымызға да болады. Ол – табиғат пен әлем дамуы заңдылықтарындағы фатальдік-тотальділіктің бейне бір іріктелген әділетсіздіктерін тандап алып, онымен күрескендей сыңай танытады. Бұл күрес – онтологиялық, образды түрде айтқанда, «болмыстың әділетсіздігі үшін күрес». Оның көне дәуірлерден жалғасқан, таза абсолютті еркіндікпен детерминацияланған үлгілерін адам еркі мен әлемдік ерік қайшылығына түсетін шамандық сенімдерден байқауға болады. Шаманизмдегі әлемдік ерік пен тағайындалған тағдырға бас имеу – оның шамандық болмысының субстраты іспеттес.

Қорқыттың мифтік бейнесіндегі сипаты кейде ұлттық дүниетанымды зерделуші С. Ақатайдың пікірі бақсының әлемнің орталығына орналасып,

өзге болмыспен қатынасатындығын және болмыссыздық аймақтағы трансценденциясын бастан өткізетіндігін таразылайды [6, 28-31 бб.]. Шаман образды түрде айтқанда, әлемдік ерікпен күреспейді, әлем заңдылығының қаталдығының әділетсіздігімен күреседі. «Бақсы өзіне-өзінің еркіндігі, яғни, ерік күшін ғана емес, әлемдік ерікті бағындырып, тіпті, адамзат тарихында абсолютті мүмкін болмайтын өліммен күресу дәрежесіне дейін көтерілді. Табиғат еркін бағындырған, «өзін абсолютті еркіндікте сезінген бақсы рухы» – түркі халықтарының еркіндік пен азаттық рухымен терең жымдасып кетті, мүмкін, бір-біріне бұндай асқақ рух көшірілген болуы да ықтимал. Бірақ мәселе онда емес, біз үшін, түркілік дәуірдегі шамандықтың ренессанстық кезеңін дәйектеудің мысалы мәнді болып отыр. Еркіндік сүйгіш психология, жігермен, намыспен, аңсаумен т.б. келіп шартталса, бақсы дүниетанымында осы қасиеттердің барлығы толығымен жамалған, сондықтан, екі жақ өзара кіріге келе, тұтасып, түркі-бақсы жүйесін белгілі бір деңгейде танымдық аренаға шығарды» [7, 175 б.].

Мәселен, оның «тағдыр жазған» ауруларды емдеуі, табиғи үдерістерді де өзгертуі, кейде, жеке жағдайларда табиғат заңдылықтарының өзгеріп кетуі: өзен суын теріс ағызу, жасанды жаңбыр жаудыру т.б. оқиғалардың тізбегі белгілі [8]. Бірақ бұлар жай ғана бақсылықтың өзінің мақтанш демонстрациялары емес, белгілі бір деңгейде «тағдырдың әділетсіздіктеріне» деген қарсылықтарына үнемі дайын болуы. Осындай тағдырлық әділетсіздіктерді халқымыз «Сұм тағдыр» деп қысқаша коннотациялайды.

Сайып келгенде, Қорқыттың өліммен күресі де «өлім әділетсіздігіне» деген бақсының қарсылығынан туындаған [9, 52-57 бб.]. Ол жалпы абстрактілі тағдырмен емес, тағдыр әділетсіздігімен күреседі: әлем заңдылықтарының әділеттілігі-әділетсіздігі туралы мәселені төтесінен қойған «ұлы ойшыл». Шындығында, қазақтардың тұрмысындағы әлем заңдылықтарына бағытталған магиялық әрекеттердің көпшілігі осы «әділетсіздікпен күрес идеясынан» туындайды.

Теодицеяда құдайдың зұлымдықты ақтап алатындығы туралы идеялардың апологетикалық концепциялануы мен институциялануы жүргізілетін болса, діни сенім тұрғысынан қарастырсақ, қазақтардың еркін ой санасында теодицея гиперреалистік-гиперсыншылдық форматында көрініс табады, олар «айтылмайтын ақиқаттарды» да айтуға ұмтылады, құдай еркінің де стихиясындағы әділетсіздіктерді оңай айыптай алған: «Қу құдай», «Әкемді алған құдайға сенбеймін» «Алладан ойбайым жақсы» т.б. сияқты түсініктер мен «Аспанға қарап садақпен оқ ату» үрдістері халықтың абсолютті еркіндікті аңсау психологиясына сай келетін онтологиялық әділетсіздіктерге деген өзіндік реніштерін білдіруден туындаған.

Сонымен қатар, қоғамдық санадағы исламдық сенімдерде әділеттілікті сақтау «күдай жазасы» арқылы теологиядағы императивтенген үлгіде де сақталып отырды (тозақ отыне кую, Алланың қаһарына ұшырау т.б.).

Жалпыадамзаттық-ұлттаралық қатынас әділеттілігі қазақ халқында көп жағдайда саяси-әлеуметтік сипат алған Ресейдің отаршылдық саясатына деген күрес толғауларынан анық байқалады және ол – «ұлттық құндылықтардың сақталмауының әділетсіздігімен» де келіп ұштасады. Оның тарихи бастаулары Асан Қайғының толғауларынан анық байқалады. Бірақ оның толғаулары – жалпыадамзаттық-ұлттық масштабта, яғни, болмай қоймайтын орыс отаршылдығы мен еуропалық мәдениет экспансиясының ықпалы туралы пайымдаулармен және саяси-мемлекеттік арнада, мәселен, «Жерұйық» идеясымен, екіге ажыратылады. Оның, «Әй, Жәнібек ойласаң» деп басталатын келер заман жөніндегі толғауындағы: «Балшықтан үй болар, Сиыр малы пұл болар, Шай деген ас болар..» деген жолдар да [10, 13-22 бб.], халқымыздың мындаған жылдық мәдениеті мен тұрмыс салтының өзгеретіндігіне деген жағымсыз көзқарас қана емес, ұлт эволюциясындағы мәдени кодты жоғалту әділетсіздігін ниеттегендей болады.

Екінші бір қырынан алғанда, бұл «заман әділетсіздігі» болып объективтендіріледі. Осы сарын XIX ғасырдағы «зар заман ақындарының» келер заман туралы толғаныстарынан анығырақ байқалады. Олар «Заман» түсінігін категория ретінде дискурс алаңына шығарады. Осы Асан қайғыдан бастау алған осы заман және оның мәтін астарында жатқан әділетсіздігі туралы пайымдаулар Абай жырларымен сабақтасып, XX ғасыр басындағы Ғұмар Қараш дүниетанымына дейін нақ осы мағынамен жалғасады. Діни ақыр заман концептісін негізге алған, осы Заман туралы толғаулардың пессимистік бағдарлары тағдыр тәлкегіндегі болмай қоймайтын ұлт эволюциясындағы жағымсыз мәнді құбылыстардың әділетсіздігін жариялаумен тиянақталады. Оның сипаты кейде, объективтілігімен, кейде, субъективті сипатымен өрнектеледі. Мәселен, Мұрат ақын: «Заман азып не қылсын, Ай орнынан туады, Күн орнынан шығады, Бұның бәрі адамнан» деп заман мен тағдыр адам еркіне бағынбайтын әлдеқандай бір қажетті объективтілік емес, адам еркі аясындағы әлеуметтік мінез-құлық климатының нәтижесі екендігі туралы пайымдаулар ұсынса, Абай: «Әркімді заман сүйреме, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек», – деп [11, 47- 48 бб.], заман – өмір шындығындағы объективтілік, ал адам – өз еркі арқылы оған енуіне мүмкіндік алатындығы баяндалады. Зар заман ақындарының толғаулары ұлттық болмыстың құлдырауға ұшыраған қырлары бар екендігіне тоқтала отырып, оның жеке адамдар үшін әділетсіздік емес, ұлт болмысының тарихи дамуындағы: «мәдени құндылықтардың сақталуы тиістілігінің эволюциялық әділеттілігі мен

бұрмалануының әділетсіздігі арасындағы дилеммаға» келіп тіреледі: «Адамның азған белгісі – Екі кісі дауласса, Тату бол деп айтпайды.... Қайыр кетіп қазаннан, Қуат кетіп азғаннан, Мұсылманның баласы, Қашуды қойды арамнан. Шапағат, қайыр қалмады, Жакын жуық жараннан» [12, 204 б.]. Заман туралы толғаулар желісінің екінші бір қыры – жоғарыда көрсетілгендей, жалпыадамзаттық-ұлттық әділетсіздік арнасындағы – Ресейдің отарлаушылық саясатының әділетсіздігін жырлау арқылы да көрініс тапқан. Мәселен, «Еділді тартып алғаны, Етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны – Жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны – Ойдағысы болғаны. Маңғыстаудың үш түбек, Оныдағы алғаны. Үргеніш пен Бұхарға, Арбасын сүйреп барғаны, Қоныстың бар ма қалғаны?» [13, 365 б.].

Мұндай жалпыадамзаттық-ұлттық саяси масштабтағы Ресейдің отарлау саясатының салдарының әділетсіздіктерімен күрес XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басына дейін жалғасқан. Осы тұста, оның идеологиялық-ақпараттық және жауынгерлік-күрескерлік жақтарын да ажыратып өткен жөн. Сонымен қатар, әрі идеологиялық-ақпараттық, әрі жауынгерлік-күрескерлікпен қатар шұғылданған, өз идеясының практигі болған – Махамбет (толғаулары), Сырым батыр (Шешендік сөздері), Ғұмар Қараш және Алаш зиялылары т.б. сынды рухани тұлғалардың да орны ерекше. Кей кездердегі М. Шахановтың ақындардың теоретик немесе практик екендігіне байланысты бағалау шкаласы да осыған саяды: «Ісі үшін мен Махамбетті биік қоям Абайдан. Өлең құрау – ақындықтың көп қырының бір түрі, Тек сол үшін оны ардақтау – жөнсіздеу һәм күлкілі» [14].

Қоғамдық өмірдегі саяси-әлеуметтік арнадағы әділеттілік мәселесі мемлекеттілік деңгейіне дейін көтерілген құқықтық ахуалды тұтасынан қамтиды. Оның қоғамдық өмірдегі айқын көрінісі – «ресмиленген» билер мен хандық институт. Моральдік құндылықтардың құқықпен арақатынасындағы айырмашылықтарына орай, хандар, билер, батырлар институты «мемлекеттік» деңгейде құрылымданып, арнайы заңдар мен құқықтық ережелерді бекіткендігі түркі-қазақ халқының руханияты тарихында көне ғұн-сақ замандарынан бастау алады. Ол түркілік, Шыңғыс ханның Жасақ (Яса) заңдар жинағы, Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Тәукенің жеті жарғысы, Ш. Уәлихановтың сот реформасы туралы жазбалары т.б. жалғасқан және олардың мәтіндерінің мазмұндарының арасында сабақтастық та бар.

Құқық философиясы тұрғысынан қарастырсақ, қазіргі құқықтық-сот жүйесін атқарған билер институты белгілі бір заңдар мен ережелер аясында шешім шығаратын, қазіргі тілмен айтқанда, әкімшілік, қылмыстық, моральдік кодекс бойынша жұмыс жасайтын әділеттілік қағидасын негізге алатын мемлекеттік орган болатын. Олар қоғамдағы Н. Әмрекулов айтқандай, әлеуметтік салада – ұжымдық-эгалитарлық

жүйені, адам-табиғат жүйесі құрылымында тіршілік ету экзистенциясы бойынша – коэволюционизмді [15, 715-806 бб.], сонымен қатар, шынайы тұрмыстық қарым-қатынастарда – кикілжіңдер мен дауларды шешудің гуманистік қағидасын негізге алған әлеуметтік әділеттілік пен «дала демократиясының» жаршылары болды.

Би тұлғасының біліктілік пен білмділік, қисынды ойлау, руханилық пен адамгершілік т.б. сапаларымен қатар, негізгі қасиеті – әділеттілік қағидасы еді. «Тура биде туған жоқ», «Туғанына бұрғаны – Биді құдай ұрғаны», «Би баласы биге ұқсар, Биік-биік тауға ұқсар», «Хан азарында қарашысымен қас болады, Би азарында қайырымы жоқ баймен дос болады», «Дауды шешен бітірмейді би бітіреді», «Би басына дау келсе, Билігі кетер басынан», «Әділ бидің өлгені – сөзінің болса жалғаны», «Биді құдай ұрғаны, Билігі дау болғаны» т.б. мақал-мәтелдер барлығы да осы бидің әделеттілігі туралы өзіндік бір ережелерді бекітеді. Әділеттілік те салыстырмалы екендігін түйсінгендей болған халық даналығы – әділеттіліктің де дәлдігі мен абсолюттілік параметрін – «Қара қылды қақ жарған» деп бағалайды. Оның этимологиясы күңгірттеу, дегенмен, былайша болжамдаймыз – тікелей физикалық мағынасы бойынша түсіну: кикілжің туындаған жағдайда даулы екі тараптың ешқайсысына басымдылық бермей, абсолютті тең дәрежеде шеше білу өнерінің соншалықты қиын екендігі баяндалады. Оны қылды (жылқы малының жалы мен құйрығының бір талшығы) ұзындығы бойынша емес, қалыңдығы бойынша екіге бөлумен салыстырған, себебі, «қақ жару» (дихотомия мағынасына жуықтайды) негізінен қайсібір нәрсені (субстанцияны) тігінен (вертикальді) бөлу бойынша ғана айтылатын түсінік. Демек, қылдың соншалықты жіңішке екендігіне қарамастан, оны тұтастай тігінен ұзына бойына екі бөлікті абсолютті тең ұстап, жарып шығу аса ептілік пен шеберлікті керек етеді, образды-аналогиялық түрде, сол қыл – екі тараптың дауы болса, қақ жару, ешбір тараптың мүддесін көздемей, бейтарап, логикалы, салқынқанды қабылданған – нақты шешім болып шығады.

Зерттеушілердің пікірінше, оның негізгі әділеттілікті сақтаушылық қызметіне орайластырылған сапалары былайша тиянқталады: «Би» құбылысы тарихи-әлеуметтік тұрғыдан мынадай мағыналарға және қызметтерге ие:

1) Саяси қыры – «Бидің» қызметінің басты мазмұны құқықтық кеңістіктегі адам еркіндігі мен еріктілігі, жауапкершілігі мәселелерін қамтып, әлеуметтік реттеушілікке (регулятор) келіп тоғысады. Ол адам еркіндігі мен құқықтарын сақтаушы және жаңашылдық енгізуші, қоғамдық өмірді жаңартушы; бидің қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деңгейіндегі: жауапкершілік пен еркіндік, еріктілік пен тәуелсіздік, бостандық пен азаттық т.б. аясындағы күрделі мәселелерді шешудің даналығына келіп тіреледі. Бидің өзі әлеуметтік жауапкершілік пен

еркіндіктің қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-саяси тұрғыдан нақты, барынша толыққанды өкілі, өнегесі мен жарқын үлгісі болып табылады.

2) Әлеуметтік жағы – Билер: әлеуметтік әділеттілікті теориялық деңгейде ғана таразылаушы емес, идеяларды құрғақ сараламайды, оны қоғамдық өмірде қолданып, нақты нәтижелерге қол жеткізеді, үнемі әлеуметтік жанжал аясында екі ортада қалып қойып, шекаралық жағдайлы күй кешеді де, үнемі өзін-өзі ашу, өзін тануда болады. Ол зиялылықтың үлгісі ретінде тұлғалардың әлеуметтенуінің орталық институты болып табылады т.б.

Мәдени жағы – адамгершілік талаптарын қатаң сақтаған, әділеттіліктің жоғары деңгейіне мүлтіксіз жеткен, ойы мен ақылының ұшқырлығы жетілген, ел ішіндегі кемшілік пен жетістіктерді көре білетін, ханнан да, қарадан та тайсалмайтын, біліктілігі мен білімін ұштастырған тұлға. Ол қазақ руханиятын дамытуға да өзіндік үлесін қосқан айтулы жан. Сондықтан, оның шығарған шешімдері «Билер кеңесі» (қазіргі парламент сияқты) арқылы ауыздан-ауызға тарап, қазақ сахарасына жайылған, ал жалпы өмірмәнділік мәселелері халық даналығының қоймасына енгізілген, кейбірі мақал-мәтелдерге айналып кеткен [16, 4047 бб.].

Сыртқы саясатта – ұлтаралық, мемлекетаралық қатынастарда, ішкі саясатта – ел бірлігі мен гуманизмді сақтауда хандар институты әділеттіліктің де жаршысы қызметін атқарған. «Қазақ қоғамында хан мен бектер әлеуметтік мәртебелі тұлғалар болған. Хандық институт тек саяси-әлеуметтік қана емес, қоғам мен адам арасындағы, билік пен бағынушы қатынасындағы және жалпы «ұлттық» бірлік пен оның табиғи болмысындағы маңызды буын, әрі үлкен жауапкершілік пен еркіндіктің аймағындағы жан иесін талап ететін үлгі мектебі. Саяси-әлеуметтік тұрғыдан: Хан – далалық еркіндік пен азаттық рухының жаршысы және оны тәжірибе жүзінде іске асырудың негізгі орталығы болған. Ал қоғамдағы әрбір тұлғаның еркіндігі шектен шыққан бейберекетсіздік емес. Оның әлеуметтік деңгейде белгілі бір жауапкершіліктермен, түсіністіктермен, келісімділіктермен шартталып отыруы тиіс екендігінің бақылаушысы да хан болып табылады және осы еркіндіктің мәдени-әлеуметтік мағынасын терең түйсінуші болып шығады.

Хан – ұлт азаттығы мен бостандық туралы ақпараттық және рухтандырушылық жан иесі және ықпалдылығы әлеуметтік мәртебесімен айқындалатын дара тұлға, ұлттық бостандықсүйгіш дүниетанымды, дала адамының азаттық рухын терең меңгерген және оны бойына жинақтаушы жалқы өкіл. Ол өзінің ішкі рухының асқақтығы мен «Меніне» халқының Рухын жетелейтін жауапкершілікті тұлға және өзі де қару алып жауға аттанған ұлт болмысының жасампаздығының куәгері. Бірақ қазақ халқында хан тек авторитарлы билеуші емес, дала демократиясына сай келетін жалпыхалықтық теңдіктің тамаша үлгісі де болған. Ол қазақ қоғамындағы физикалық пен руханилықты біріктірген текті болып

саналатын аса мәртебелі адам», – деп пайымдалған пікірлер де осының айғағы [17, 58 б.]. Ендеше, хандық институт тек саяси-әлеуметтік қана емес, қоғам мен адам арасындағы, билік пен бағынушы қатынасындағы және жалпы «ұлттық» бірлік пен оның табиғи болмысындағы маңызды буын, әрі үлкен жауапкершілік пен еркіндіктің аймағындағы жан иесі болуымен қатар, белгілі бір деңгейде, «әділеттілікті сақтаушылық қызмет» те атқарғандығын былайша тиянақтап бере аламыз:

- ол ұлттық бостандық сүйгіш дүниетанымды, дала адамының азаттық рухын терең меңгерген жинақтаушы жалқы өкіл. Оның бостандықсүйгіш дүниетанымы тарихи эволюциялық және архетиптік тұрғыдан өрілген мінез-құлық және тарихи әділеттілікті орнатушылық рух;

- ұлт азаттығы мен бостандық туралы ақпараттық және рухтан-дырушылық жан иесі және ықпалдылығы әлеуметтік мәртебесімен айқындалатын дара тұлға;

- мәдени-экзистенциалдық тұрғыдан – «сенің өміріңнің бөлігі – менің өмірім» деген қағиданы әлеуметтік тұрғыдан өзгелерге арнайтын, физикалық және психологиялық «шекаралық жағдайлы» жан иесі. Түркі-қазақ хандары тек сырттай ел билеушілер емес, өздері де талай рет қан майданда күш сынасқан, физиологиялық тұрғыдан жетілген, беделге ие болып келетін тұлға;

- өзінің ішкі рухының асқақтығы мен Меніне халқының Рухын жетелейтін жауапкершілікті тұлға, ұлт болмысының жасампаздығының куәгері т.б. Себебі, түркі дәуіріндегі хандар мен қаһандар өмірлік тәжірибенің шындығынан шыңдалып шыққан, жауынгерлік пен жау-гершілік өмірдің арасынан іріктелген рухы мен өзінің Менін әйгілеген тұлға болуы тиіс;

- руханиланған жан иесі, ақыл мен парасатты тұлға, айлакерлік пен шешендікті де меңгеруі тиіс оратор болуы да тиіс. Қазақ мифологиясындағы ханның ақымақтығы, шындап келгенде, жиі кездесе бермейтін оқиға. Ол кейіннен кездесе қалған жағдайда, Кеңес дәуіріндегі идеологияның нәтижесі болып есептеледі. Себебі, ел билеудің өзі аса данышпандықты, келісімпаздықты, қажет кезінде қарсы шыға білуді т.б. талап етеді. Сондықтан халқымыз «Ханда Қырық кісінің ақылы бар» деп қысқаша тұжырымдаған.

- хандық билік қазақ қоғамында, тоталитарлы, автократиялық шексіз монархия емес, өзіндік дала демократиясын қалыптастырған биліктің оңтайлы формасы. Мұны тарихтағы Ханға қарата айтылған жыраулар мен би-шешендердің батыл сөздерінен-ақ көруге болады.

Батырлар институты – әділетсіздік физикалық күш арқылы күресіп, ұлтаралық қатынастарда әділеттілік орнатушы негізгі субъект ретінде танымал болған. Олар кейде, ханның жарлығын да, халықтың арнайы үндеуін де күтпей, әділеттілік орнату мақсатын міндетке айналдырған,

өзіне-өзі «әділеттілік жаршысы» ретіндегі міндеттер жүктеген және оған сенімді болған, бұл сенімділік жай ғана мінез-құлық емес, рухқа негізделген, ата-баба аруағын негізге алған магиялық-мистикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, биологиялық-физиологиялық сенімділік иесі.

Қоғамдық өмірдегі әділеттіліктің арнасын: әлеуметтік қабаттар – байлар мен кедейлер; ересектер мен балалар; әйелдер мен ерлер – гендерлік т.б. ретінде жіктеуге де болады. Қазақ қоғамында да осы әлеуметтік жіктер арасындағы, әсіресе, әйелдер мәртебесі туралы әлеуметтік әділеттілікті сақтаудың өзіндік төлтума ерекшеліктері көрініс тапқан (бұл мәселелерді өз алдына бөлек мәселе ретінде арнайы қарастыратын боламыз).

Тұрмыстағы экзистенциалды әділеттілік немесе «әділетті-әділетсіздіктің тұрмыстағы экзистенциалдық көрінісі» деп атауға болатын үдеріске тоқталып өтеміз. Тұрмыста – заңдық-құқықтық ережелерге енгізілмеген, зұлымдық болып та табылмайтын, билер институты талқылайтындай аса маңызды емес, іргелі мәселеге жатқызылмаған – әділетсіздіктер де кездеседі. Сонымен қатар, онтологиялық, жалпыадамзаттық, ұлттық, саяси-әлеуметтік, тұрмыстық әділетсіздіктермен күрестің өзіндік бір ерекше, ғылыми емес, нарративті форматын – «әділеттілік-әділетсіздік алаңындағы мистикалық-магиялық практика» деп те атауымызға болады.

Ол да әділеттілікті орнатудың бір көрінісі, оның сүйенетін базасы, субстраты – әділеттілік, ол – «таза объективті» қағидасы. Ол философиялық түсінік бойынша – ақиқат, шынайы экзистенциалдық мән, бәрінен де жоғары тұратын ең абсолютті мән т.б. бола отырып, ешқандай да соттық-құқықтық жүйедегі бұрмалауларға бағынбайтын, әкімшілік-әміршілдік пен билік-байлық үстемдігінен де биік, қоғамдағы әлеуметтік мәртебеге қарай жіктеуді мүлде есепке алмайтын – әділеттілікті орнату және әділетсіздікпен күрестің өзіндік бір тылсым әлемдегі институты болған деп бағамдай аламыз. Оның құралдарына (инструментариилер): қарғыс, нала, сүйекке таңба түсу т.б. ұлттық таным-түсінік этикасындағы философемдерді жатқызуға болады.

Бұл қоғамда әділеттілік орнамаған немесе билік орната алмаған жағдайдағы оны ретке келтірудің – өзіндік бір магиялық-мистикалық, кейде логикалық-этикалық кейіптегі құқықтық-саяси, тұрмыстық-экзистенциалдық жүйеден де мүлде тәуелсіз әлем болған, оның кінәлілерді жазалау құрылымы мүлде басқаша. Оның магиялық-мистикалық қыры басымдау болғандықтан, қазақ дүниетанымында бұрыннан да, қазір де арнайы рационалдандырылмаған, ғылыми тұрғыдан жете зерттелмеген.

Ендеше, біз, бұл тұста, халқымыздың ауызша мәдениеті мен таза өмірмәнділік дәстүрлеріндегі ғылыми емес білімдерге ғана сүйене аламыз және әрқайсысына қысқаша шолу жасап өтетін боламыз.

Қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріндегі этикалық дүниетанымындағы ұғымдардың бірі – «Нала». Бірақ сөздіктерде оның басқа

да мағыналары бар екендігі туралы айтылады: «1. Қарғыс, лағнет. Ел наласына қалды. 2. Қайғы-қасірет, мұң-шер. Жаны жара көңілі нала. Нала болды – кейіді, ашуланды, қапаланды». «Нала» жалаң түрде сирек қолданылады, көп жағдайда мәтін ішіндегі контекстке байланысты лингвистикалық түрде құрылымданғанда ғана мынадай семалар арқылы өзінің мағынасын толығырақ ашады: «наласына қалу», «налалы болу», жеке тұлғаларға қатысты да айтылады: «ана наласы», «жігіт наласы», «қыз наласы» т.б. жалпылама түрде айтқанда, «адамның наласы». Ал «наланы» концепт ретінде қарастырғанда, тұтас медиакомпоненті: (жуық келетін, туыстас ұғымдардың барлығы) қарғыс, реніш, қайғыға душар болу, есесі қайту, наз айту т.б.

Нала күрделі бірнеше семаларды қамтитын ұғым, оған мынадай анықтама ұсына аламыз: «Нала дегеніміз – кез-келген, әсіресе, бөгде адамдардың кезінде (бір уақыттарда) бір адамға немесе бірнеше адамға жасаған қиянаты, әділетсіздігі, азабы, көрсеткен қорлығының әйтеуір бір кезеңдерде берілетін ресми-құқықтық, діни-теологиялық та емес, «табиғи әділеттілік заңы» бойынша, ешбір жазалушы, төреші т.б. сияқты субъект қатыспай-ақ, стихиялы түрде өздігінен іске асатын жазасы, қайтарымы, яғни, налаға қалудың нәтижесі болып саналатын психологиялық-этикалық құбылыс».

Зәбір көруші, «наланы бағыттаушы» субъект-референт, оны ресми түрде, саналы, арнайы қарғыс түрінде айтуы да, айтпауы да мүмкін. Бірақ «налаға қалған адам» оның зардабын тартады. Ол зардап, жасаған қиянатының мөлшері мен қуатына сай немесе одан да асып кетуі мүмкін, сондықтан да, налаға қалушы субъект жасаған ар-ұят алдынағы жазасын әртүрлі қайғылы жағдайлармен өтейді, бірақ ол өтем шартты: бір сәткі, уақытша күйзелістер, азап шегулер т.б. бастап, «өмір бойына берілетін», қайта қалпына келмейтін жазаға да айналуы мүмкін: ең жақын туыстарының қайтыс болуы, өмір бойғы ауру т.б. Яғни, сол тиетін Нала (наланың өзі) – жағымсыз ықпал өрісі арқылы әсер ететін барлық жағымсыздықтардың жиынтығы және оның әрқилылығынан тұратын материалдық та, рухани да құбылыс емес, психологиялық үрдіске неғұрлым жақын. Демек, наласы тию үрдісінің құрылымы мен түзілімі: «референт-адресант-наладан» құралады. Сондай-ақ наласы тиюге жуықтайтын ұғымдар: «қарғысы тию», «киесі тию» (киесі ұру), «обалына қалу» (обалы тию) т.б.

Сүйекке таңба түсу – сол әділетсіз тұлғаның өзі және оның кейінгі ұрпақтарына дейін жалғасатын «жазаның» бір түрі. С.Оспанов бұл құбылыстың философиялық мағынасына үңіледі: «Ар-намыс-рух(тылықтар) тегінде «сүйекке таңба түсірмеу» деген түсінікке де негізделген саналы құбылыстар. Бұл айтылғандар бір жағынан арғытектеріміздің дүние құрылымы туралы түсінігіміздің негіздерінің бір қырын көрсетсе, екінші жағынан олардың дағдылы (қазір біз ұмыта

бастаған, кейбірін алаңсыз ұмытқан) қарым-ды қатынастардың, салт-дәстүрлердің, ырым-жоралғылардың, рәміз-рәсімдердің бастапқы мазмұндарын берген. Қазіргі біздің ұлттық әлеуметтік нормаларымыз бен құндылықтарымыздың бастапқы арғытектік, архесемалық мазмұндарының нағыз бастау тектері жоғарыда қаралған ұғым түсініктерде жатыр. Сол туралы біздің тәржімамыз, тәңіршіл-құдайшыл сананың онтологиясын қалыптасу – жүзеге асу механизмі – орд(т)асы тәңрлік – халықтық антропология мен социологиясының ұғым-түсініктерінде ғана емес, солардың мәністік астарларын біріктіретін ым-қисындық мағыналарында» [18, 56 б.].

Егер де бұл үрдісті көркемдік таным арқылы түйсіну жеңілдірек екендігін басшылыққа алсақ, М. Шахановтың Махамбетті өлтірген ұлын жазаға тартатын оқиғаны баяндайтын (*Дала заңы – Баба заңы, қарағым, - Деп әкесі қолына алды садағын!*) «Әке үкімі» атты өлеңінде де, сүйекке таңба түсірген ұлын өз қолымен жазалаған әкесі туралы оқиғаның мәніне үнілуімізге болады [14]. Ол да осы жойылмайтын, «ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын» – сүйекке түскен таңба, бұл әрекет – әке намысынан туындаған. Қазақ халқы осындай ахуалдарға қатысты «өлімнен ұят күшті» деген қысқаша тұжырыммен императивті шешім шығарған. Оны К. Ясперстің «шекаралық жағдайына» ұқсатып қарастыруымызға да болады.

Сүйекке түскен «Таңбаны» «әлдеқандай мол қаражатпен», «психологиялық гипнозбен, сендірумен, сиқырмен», «Ядролық т.б. қуатты қарулармен», «тоталитарлық билік саясатымен», «заңдық-құқықтық ережелермен» т.б. қандай-ма заманауи тәсілдермен жойып жіберуі мүмкін емес. Өйткені, ол тарихи жазбаларды әдейілеп жойып жіберсе де, тарихты қайта жазса да, шындық оқиға ретінде ел ауызындағы ауызша тарихнамада сақталып қала бермек.

Қорытынды

1. Түркі-қазақ халқындағы «әділеттілік» түсінігінің өмірлік-тәжірибелік қырларына тоқталатын болсақ, оның ноуменалды, априорлы құбылыстан функционалдық-прагматистік мәнге ие болатын қырлары, сайып келгенде, «әділетсіздікпен күрес» арқылы қамтамасыз етілетіндігі туралы тұжырым жасауымызға болады. Яғни, әділеттілік оқшау емес, оны жалаң қарастыруға да болмайды, «әділеттілік-әділетсіздік-әділетсіздікпен күрес» детерминациялары арқылы құрылымданғандығын ұғына аламыз.

2. Сонымен қатар, адамзат эволюциясында әділеттілікпен күресетін әлеуметтік институттар құрылып, оның әр түрлі формалары құрылымданғандығы да белгілі: мифологиялық-ертегілік (үнемі ізгіліктің жеңісімен аяқталуы); діни (жұмақ пен тозақ, діни этика); діни

философиялық (теодицея); философиялық (этика); заңдық-құқықтық (жазалау, мадақтау) т.б. Бұл институттардың, біз тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарастырып отырған қазақ халқындағы жүзеге асуының өзіндік ерекшеліктері әрі қарай тереңірек зерттеуді керек етеді.

3. Әділеттілікті әмбебаптанған концепт ретінде философиялық тұрғыдан кең масштабта қарастыруға да болады: әлем ырқы-тағдырлық, саяси-әлеуметтік, ақпараттық-идеологиялық, тұрмыстық-өмірмәнділік т.б. Сайып келгенде, ол – онтологиялық тұрғыдан алғанда, адамзаттың болуы мен болмауынан бастап, қарапайым тұрмыстағы кикілжіндерге дейінгінің барлығын қамтиды. Біз, Қазақ халқының тұтас тарихи болмысындағы әділетсіздік және онымен күресті бағамдау мен саралаудың жалпылама бейнесін ұсындық. Нәтижесінде, «Әділеттілік» атауы сол тілдік-дыбыстық белгімен, үнемі сол қалпында дискурс алаңына шығарылмаса да, басқаша атаулар мен туыстас ұғымдар арқылы үнемі толғанылып келген экзистенциалдық мәселе екендігі туралы пайымдадық.

Әдебиеттер тізімі

1 Әлжан Қ.Ұ., Аташ Б.М. Ғұмар Қараш толғаныстарындағы тарихи әділеттілік идеясы және оның қазіргі заманғы маңызы // *Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы*. – 2024, №1(85). – 29-40 бб.

2 Булгаков В.В., Булгакова Д.В. Идея справедливости в философии и ее проявление в праве // *Социально-политические науки*. – 2020. – Т.10. – № 3. – С.49-55.

3 Волков Н.С. Эволюция концепции справедливости от Античности и до эпохи глобализации // *Вестник Московского университета*. Серия XXVII. Глобалистика и геополитика. – 2016. – №1. – С.72-79.

4 Уильям Джеймс. Моральный эквивалент войны // *Журнальный клуб Интелрос* История философии. – Т. 20. – №1. – 2015.

5 Шопенгауэр А. Избранные произведения. – М.: Просв., 1992. – 479 с.

6 Акагай С. Мирозвожденческий синкретизм казахов: автореф.док.дисс. – Алматы, 1985. – 32 с.

7 Аташ Б., Танжаров М. Көне түркі-қазақ даласындағы шаманизмнің генезисі мен эволюциясы: тарихи-танымдық бағдарлар // *Адам әлемі*. – №2 (92). – 2022. – 173-187 бб.

8 Қазақ бақсы балгерлері. Құрастырған Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.

9 Ермеков Қ., Аташ Б.М. Қорқыт ата – ойшыл философ. – Атырау, 144 б. – 52-57 бб.

10 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық / Құрастырған М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1998. – Т.1. – 13-22 бб.

11 Абай/Ибраһим/ Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.1. – 336. – 47-48 бб.

12 Сүйіншалиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 360 б.

13 Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. – 1 т. – 400 б.

14 Мұхтар Шаханов. Өлеңдер. // <https://www.zharar.com/kz/olen/6192-ake.html>

15 Әмрекулов Н.А. Письмо 4. Тэнгрианская империя Чингисхана – Биосферно-космическая общечеловеческая «Истина» СССР, основа возрождения и реинтеграции Евразийских Алтайских народов // Биосферный коммунизм. Постсоветская империя Чингисхана 2.0. сайт: Литрес, 2021. – 1478 с.

16 Нуриев М.А., Аташ Б.М., Мошанов С., Маханова Н.Б. Қазақ философиясы: оқу құралы / М.А. Нуриев, Б.М. Аташ, С. Мошанов, Н.Б. Маханова. – Алматы: Дарын, 2023. – 177 б.

17 Берлібаев Е.Т., Аташ Б.М., Аширбекова Ж.Б., Қайпбаева А.Т. Ұлы дала тарихы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2019. – 368 б.

18 Оспанов С. Аргытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушылық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.

Transliteration

1 Alzhan Q.U., Atash B.M. Gыmar Қараш tolganystaryndagy tarihi adilettilik idejasy zhane onyn қазirgi zamangy manyzy [The Idea of Historical Justice in the Reflections of Gumar Karash and its Modern Significance] // *Al-Farabi aleumettik-gumanitarlyқ zertteuler zhurnaly*. – 2024. – №1(85). – 29-40 bb.

2 Bulgakov V.V., Bulgakova D.V. Ideja spravedlivosti v filosofii i ee projavlenie v prave [The Idea of Justice in Philosophy and its Manifestation in Law] // *Social'no-politicheskie nauki*. – 2020. – Т10. – №3. – S.49-55.

3 Volkov N.S. Jevoljucija koncepcii spravedlivosti ot Antichnosti i do jepohi globalizacii [The Evolution of the Concept of Justice from Antiquity to the Era of Globalization] // *Vestnik Moskovskogo universiteta. Serija XXVII. Globalistika i geopolitika*. – 2016. – №1. – S. 72-79.

4 Uil'jam Dzejms. Moral'nyj jekvivalent vojny [The Moral Equivalent of War] // *Zhurnal'nyj klub «Intelros» Istorija filosofii*. – 2015. – Т. 20. – №1.

5 Shopengaujer A. Izbrannye proizvedeniya [Selected Works]. – М.: Prosv., 1992. – 479 s.

6 Akataj S. Mirovvozrencheskij sinkretizm kazahov [The Ideological Syncretism of the Kazakhs]: avtoref.dok.diss. – Алматы, 1985. – 32 s.

7 Atash B., Tanzharov M. Kone тырки-тырки-қазақ dalasyndagy shamanizmnin genezisi men jevoljucijasy: tarihi-tanymdық bagdarlar [Genesis and Evolution of Shamanism in the Ancient Turkic-Kazakh Steppes: Historical and Cognitive Landmarks] // *Adam alemi*. – №2 (92). – 2022. – 173-187 bb.

8 Qazaq baqsy balgerleri [Kazakh Shamans]. Qurastyrgan Zh.Daurenbekov, E.Tursynov.- Алматы: Ana tili, 1993. – 224 b.

9 Ermekov Q., Atash B.M. Qorqyt ata – ojshyl filosof [Korkyt Ata-Philosopher-Thinker]. – Атырау. – 52-57 bb.

10 Bes gasyr zhyrlajdy: XV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezine dejingi qazaq aqyn-zhyraularynyn shygarmalary [Five Centuries Sings: Works of Kazakh Poets-Zhyrau From the XV to the Beginning of the XX Century]. Eki tomdyq / Qurastyrgan M. Bajdildaev, M. Magauin. – Алматы: Zhazushy, 1998. – Т.1. – 13-22 bb.

11 Abaj/Ibrahim/ Қынанбайұлы. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy [A Complete Two-Volume Collection of His Works]. – Алматы: Zhazushy, 1995. – Т.1. – 47-48 bb.

12 Syjinshaliev Kh. XIX gasyr adebieti [Literature of the XIX Century]. – Алматы: Ana tili, 1992. – 360 b.

13 Zheti gasyr zhyrlajdy [Seven Centuries Sings]: Eki tomdyq. – Алматы: Zhazushy, 2008. – 1 t. – 400 b.

14 Muhtar Shahanov. Olender [Poems]. <https://www.zharar.com/kz/olen/6192-ake.html>

15 Amrekulov N.A. Pis'mo 4. T'jengrianskaja imperija Chingishana – Biosferno-kosmicheskaja obshhechelovecheskaja «Istina» SSSR, osnova vrozozhdenija i reintegracii Evrazijskih Altajskih narodov [Letter 4. The Tengrian Empire of Genghis Khan is the Biosphere-space universal “Truth” of the USSR, the basis for the revival and reintegration of the Eurasian Altai peoples] // *Biosfernyj kommunizm. Postsovetskaja imperija Chingishana 2.0*. sajt: Litres, 2021. – 1478 s.

16 Nuriev M.A., Atash B.M., Moshanov S., Mahanova N.B.. Qazaq filosofijasy [Kazakh Philosophy]: oqu quraly / Nuriev M.A., Atash B.M., Moshanov S., Mahanova N.B. – Алматы: Daryn, 2023. – 177 b.

17 Berlibaev E.T., Atash B.M., Ashirbekova Zh.B., Qaipbaeva A.T.. Uly dala tarihy [History of the Great Steppe]. – Алматы: «Qyzdar universiteti» baspasy, 2019. – 368 b.

18 Ospanov S. Argytektanu negizderi: tanirlik pen zharatushylyq ilimdi zertteudin gylymi-praktikalыq maseleleri [Fundamentals of Science: Scientific and Practical Problems of Studying the Doctrine of Divinity and Creation]. – Алматы: Arys, 2009. – 424 b.

Әлжан Қ.Ұ., Аташ Б.М.

Идея справедливости в эволюции тюрко-казахской духовности и образа жизни: концептуальные ориентиры

Аннотация. В статье концептуально рассматривается идея справедливости у тюрко-казахского народа, а также её интертекстуальные и гипертекстуальные структуры, которые имеют более широкое значение, чем понятия «справедливость» и «несправедливость». Показаны обширные масштабы уникальности принципа справедливости в истории казахского народа: экзистенциальная справедливость в общемировом бытии, общечеловеческой, межэтнической и социально-политической жизни общества и в быту. Если рассматривать целостно, то в рамках идеи справедливости основное внимание уделяется феномену «борьбы с несправедливостью». Во фреймах категории «справедливость» понятие «борьбы с несправедливостью» рассматривалась не как ее периферия, а как ее основное прагматическое значение и уточнение детерминанты «справедливость – несправедливость – борьба с несправедливостью». Исследованы древние шаманские верования, связанные с борьбой с несправедливостью, в контексте естественных законов мирового бытия, мировой воли и «судьбы», а также приведены примеры устойчивости принципа справедливости в мифологии. В этом контексте подчёркивается «безграничность» абсолютной свободы мысли и действия нашего народа. Подтверждено, что общечеловеческие и межэтнические отношения как направление справедливости-несправедливости зачастую проявляется через дух борьбы и протесты против колониальной политики царской России. Рассмотрены особенные правовые и юридические нормы, закрепляющие справедливость в общественной жизни, проанализированы явления, которые можно назвать «мистико-магической практикой справедливости-несправедливости», даны объяснения некоторым феноменам и изложено их философское значение.

Ключевые слова: справедливость, борьба с несправедливостью, свобода, казахский народ, общественная жизнь, мифология, бытие, онтология, человечество.

Alzhan K., Atash B.

The Idea of Justice in the Evolution of Turkic-Kazakh Spirituality and Lifestyle: Conceptual Guidelines

Abstract. This article conceptually examines the idea of justice among the Turkic-Kazakh people, as well as its intertextual and hypertextual structures, which possess broader implications than the conventional notions of «justice» and «injustice». The extensive scope of the uniqueness of the principle of justice in the history of the Kazakh people is demonstrated: existential justice within the context of universal being, in the realm of human existence, interethnic, socio-political life, and daily practices. When considered holistically, the primary focus within the framework of justice is placed on the phenomenon of «struggle against injustice». In the conceptual frames of the category of «justice,» the notion of «struggle against injustice» is not viewed as peripheral but rather as its core pragmatic significance and as a specification of the determinant «justice – injustice – struggle against injustice». The study explores ancient shamanic beliefs related to the struggle against injustice in the context of the natural laws of universal existence, world will, and «fate,» providing examples of the resilience of the principle of justice in mythology. In this context, the «limitlessness» of absolute freedom of thought and action within our people is emphasized. It is affirmed that human and interethnic relations, as a direction of justice-injustice, often manifest through a spirit of resistance and protests against the colonial policies of Tsarist Russia. Specific legal and juridical norms that uphold justice in public life are examined, along with an analysis of phenomena that can be termed «mystical-magical practices of justice-injustice», providing explanations for certain phenomena and outlining their philosophical significance.

Keywords: justice, struggle against injustice, freedom, Kazakh people, public life, mythology, genesis, ontology, humanity.

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЗАМАН ҰҒЫМЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

¹*Жанғалиева Айнур Рашидовна, ²Ғарифолла Есім, ³Рахматуллина
Зугура Ягануровна, ⁴Шамахай Сайра*

^{1,2,4}*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

³*Ресей Ғылым академиясының Уфа федералды зерттеу орталығының тарих,
тіл және әдебиет институты*

¹*ab_150583@mail.ru, ²garifollaesim@mail.ru, ³faia7@yandex.ru, ⁴sh.saira@mail.ru*

¹*Zhangalieva Ainur, ²Garifolla Yessim, ³Rakhmatullina Zugura,
⁴Shamakhai Saira*

^{1,2,4}*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

³*Institute of History, Language and Literature of the Ufa Federal Research Center
of the Russian Academy of Sciences*

¹*ab_150583@mail.ru, ²garifollaesim@mail.ru, ³faia7@yandex.ru, ⁴sh.saira@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ философиясындағы «заман» ұғымының эволюциясын зерттеуге арналған. Заман – уақыт пен кеңістік категорияларымен тығыз байланысты, қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани дамуын бейнелейтін күрделі философиялық ұғым. Мақалада заман ұғымының философиялық мәні, оның уақыт пен кеңістік шеңберіндегі орны, сондай-ақ адамның заманға және заманның адамға ықпалы қарастырылады.

Зерттеу барысында Абай философиясына ерекше назар аударылады. Абайдың заман туралы ойлары оның өлеңдері мен қара сөздерінде терең пайымдалған. Ақын заманның объективті сипатын мойындай отырып, оның адамның рухани және моральдық қасиеттеріне әсерін сипаттайды. Сонымен қатар, Абай заманның адам әрекеттеріне тәуелділігін, яғни адамның да заманға ықпал ете алатынын көрсетеді.

Мақалада заман мен уақыттың айырмашылықтары, олардың қоғам дамуы мен құндылықтардың алмасуындағы ролі талданады. «Арғы заман» ұғымы арқылы қазақ халқының тарихи жады мен рухани мұрасындағы уақыт пен кеңістік өлшемдерінің байланысы қарастырылады. Сондай-ақ, заманның үздіксіз өзгерісі және оның қоғамдағы құндылықтарға, адамның өмірлік ұстанымдарына тигізетін ықпалы философиялық тұрғыдан талқыланады.

Зерттеу нәтижесінде заманның тек объективті құбылыс емес, адамның рухани және моральдық әрекеттерімен қалыптасатын ұғым екендігі анықталды. Абайдың философиялық көзқарастары заманның әлеуметтік және мәдени мазмұнын түсінуде, сондай-ақ ұлттық тарихи сананың қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: заман, уақыт, кеңістік, Абай философиясы, әлеуметтік құндылықтар, қазақ дүниетанымы, тарихи сана.

Кіріспе

Қазақ философиясы – халқымыздың тарихи, мәдени, және рухани болмысын айқындайтын терең дүниетанымдық жүйе. Бұл жүйеде уақыт пен кеңістік категориялары ерекше орын алады. Заман ұғымының эволюциясын зерттеу арқылы біз халқымыздың тарихындағы маңызды әлеуметтік, мәдени және философиялық құбылыстарды түсінуге мүмкіндік аламыз.

Қазақ әдебиеті мен философиясында заман ұғымының 150-ден астам түрі кездеседі: қилы заман, нар заман, зар заман, ақыр заман және т.б. Алайда, «заман» ұғымының философиялық категория ретіндегі мәні әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Бұл мақалада біз заман ұғымының қазақ философиясындағы эволюциясын, оның кеңістік пен уақыт түсінігімен тығыз байланысын талдап заман философиясының терең астарларын ашуды мақсат етеміз [1].

Заман ұғымының қазақ әдебиеті мен философиясындағы көп қырлылығын ескере отырып, оны анықтап, шегін белгілеу оңай емес. Бұл ұғымның түрлі мағыналары: дәуір, кезең, уақыт, өмір сүрген мерзім, тіпті қоғамның мінез-құлқын сипаттайтын философиялық категория ретінде қарастырылады. Заманның ұлы да ұзақ сұрыпталатын, мағынасы мол ұғым екенін Ғабит Мүсіреповтың: «Заман – деген бір күнде орнап, сол күні-ақ бар мазмұнын айқындап беретін базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезең» деген сөзі дәлелдейді [2]. Сонымен қатар, көркем шығармалардың өзін туындатқан дәуірімен тығыз байланыста болатындығы жөніндегі Л.И. Тимофеевтің пікірі заманның тарихи мәнін түсінуге ықпал етеді [3].

Ұлы ойшыл Хакім Абай заман туралы терең философиялық ойларын өзінің қара сөздері мен өлеңдерінде айқын көрсеткен. Оның 37-қара сөзіндегі: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» деген тұжырымы заман мен адам арасындағы өзара ықпалды ашып береді [4]. Абай заманның адам тәрбиесіне, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына тікелей әсерін мойындап қана қоймай, адамның өзі де заманның сипатын айқындайтынын баса айтады. Бұл пікір заманның әлеуметтік және мәдени құндылықтарға тәуелділігін, сол арқылы қоғамның дамуындағы адамның рөлін ерекше көрсетеді. Заман тек уақыт немесе дәуір ғана емес, ол адамның өмір сүрген ортасы, сол ортаның қалыптастырған құндылықтар жүйесі екенін Абай ойларынан аңғаруға болады.

Сонымен қатар, Хакім Абай заманның қиындығын, қазақ халқының тұрмыстық және рухани азғындауын өзінің өлеңдерінде шынайы бейнелеп өткен. Ол заманды сипаттай отырып, халықтың сол кездердегі әлеуметтік ахуалына, рухани құлдырауына назар аудартады. Абайдың заман туралы

ойлары – қазақ философиясының маңызды бір бөлігі және ол ұлттың өзін-өзі тануында ерекше рөл атқарады.

Қазақ философиясындағы «заман» ұғымы – қоғамның ахуалы мен әлеуметтік болмысын, сол кезеңдегі адамның мақсат-мұраттары мен құндылықтарын қамтитын маңызды философиялық категория. Бұл ұғым белгілі бір қоғамдық-тарихи үдерістің нақты кезеңін сипаттап, сол дәуірдің тұрмыстық-өмірлік мәнін тұтас бейнелейді. Заман ұғымы – уақыттың аясындағы тарихи шындықты, ұлттық болмысты және сол кезеңдегі құндылықтарды түсіну құралы. «Заман» ұғымының ерекшелігі – оның белгілі бір дәуірдің өзіндік мәнін, құндылықтарын және ерекшеліктерін басқа кезеңдермен салыстыру арқылы айқындалатындығында. Бұл ұғым белгілі бір кезеңдегі ұлт тағдырын, тіршіліктің келбетін, өмір салтын, тұрмыстың қалпын және сол кезеңдегі әлеуметтік ахуалдарды тұтас қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақ дүниетанымында заман – тек уақыт өлшемі емес, ол қоғамның рухани, мәдени және тарихи болмысының көрінісі [5].

Жас ғалым Сайраш Сапарғалиеваның пікірі бойынша, заманның өзгеруінің басты себебі – халық, ал халықтың басын біріктіретін негізгі күш – мемлекет. Осы арқылы заман ағымы екі басты факторға тәуелді екенін көреміз: біріншісі – мемлекет, екіншісі – халық. Бұл түсінік қазақ философиясындағы «адамға қарай заман» деген ұғымды тереңдете түседі. Адамның заманға тәуелділігі мен заманның адамға тәуелділігі өзара тығыз байланыста дамып, өзгеріс үстінде болады. Сайраш Сапарғалиева атап өткендей, заман табиғилықтан гөрі жасандылыққа бейім және үнемі өзгермелі. Мұндай көзқарас заман мен адамның өзара әрекеттесуінің динамикалық сипатын көрсетеді: заманның мәні мен талаптары адам әрекеттері арқылы ақталып немесе керісінше, қараланады [6].

«Заман» – уақыттан туындайтын ұғым. Уақыт болмаса, заман болмайды, бірақ заман – уақыттың тек әлеуметтік сипаттағы белгілі бір бөлігі ғана. Уақыт – шексіз, үздіксіз, қайталанбайтын және абсолютті құбылыс, ол өткеннен болашаққа қарай бағытталады. Уақыт шартты түрде абсолютті, геологиялық және әлеуметтік уақыттарға бөлінеді. Ал «заман» көп жағдайда әлеуметтік уақыттың аясында көрініс табады. Бұл ұғым бүтін мен бөлшек, жалпы мен жеке қатынасында жеке дара ұғым ретінде танылса да, әлеуметтік уақыттың тұтастығы замандардың жиынтығынан қалыптасатыны анық [7].

Уақыттың әртүрлі бөлшектері: кезең, дәуір, мезгіл және мезет ұғымдары заманмен тығыз байланысты болғанымен, олардың өзіндік айырмашылықтары мен қолданыс ерекшеліктері бар. Кезең – уақыттың басталатын және аяқталатын нақты бір бөлігі, оның көлемі әртүрлі тарихи немесе әлеуметтік оқиғаларды қамтуы мүмкін. Бұл ұғым «заманға»

синонимдес, себебі екеуі де белгілі бір уақыт аралығын сипаттайды. Ал, мезгіл заманға қарағанда тар мағынада қолданылады, мысалы, қыс мезгілі немесе жаз мезгілі сияқты табиғи циклдерге қатысты айтылады [8]. Заман мен кезеңнің қарама-қарсы ұғымдары болмаса да, оларды уақыттың тым қысқа бөлігін білдіретін «сәт», «мезет» сияқты ұғымдар толықтыра алады. Бірақ, бұл ұғымдардың ешқайсысы қатаң хронологиялық өлшеммен шектелмейді. «Заман» ұғымы хронологиялық өлшемнен гөрі эмоционалдық мазмұнға ие. Ол тек уақытты ғана емес, сол уақыттың рухани, әлеуметтік және мәдени мәнін сипаттайды. Сонымен қатар, «заман» сөзінің кейбір түрленген формаларында (мысалы, замандас, заманауи, заманы бір) эмоционалдық мазмұн азайып, ұғым тек уақытына қатысты сипаттама ретінде қолданылады. Бұл ерекшеліктер заманның қазақ дүниетанымындағы маңыздылығын түсінуге және оның басқа уақыт категорияларынан айырмашылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Отандық философияда заман ұғымын жан-жақты зерттеп, оның жіктелуіне сапалық мазмұн беруде дінтанушы, профессор Бақытжан Сатершиновтың еңбегі ерекше. Ол қазақ дүниетанымындағы замандарды тарихи санасы мен өмір сүрген кезеңдеріне қарай төмендегідей жіктейді [9]:

1. Алтын заман – Алтын Орда тұсындағы қазақ пен ноғай халықтарының бірлігі мен Еуразиялық Ұлы Дала көшпенді өркениетінің шарықтау шегі. Бұл дәуірдің тарихи санасы батырлық эпостар («Қырымның қырық батыры», «Ерқосай», «Еркөкше») арқылы көрініс табады.

2. Қилы заман – қазақ пен ноғайдың ажырау кезеңі, көшпенділікті таңдап, дербес мемлекеттілікті құру және оны сыртқы жаулардан қорғау. Бұл кезеңнің тарихи санасы XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жырауларының шығармалары арқылы сипатталады.

3. Зар заман – еуразиялық көшпенділіктің дағдарысы мен тәуелсіздіктен айырылу кезеңі. Бұл кезең еркіндік пен бодандықтың, дәстүр мен жаңа тәртіптердің шиеленісуімен ерекшеленеді және «зар заман» ағымы ақындарының (Шортанбай, Дулат, Мұрат) шығармаларынан байқалады.

4. Жаңа заман – XX ғасырдың басындағы ұлттық сана-сезімнің оянуы, Алаш қозғалысы, ағартушылық және ұлттық идеялардың («Түркістан», «Алаш», «Қазақ») пайда болуы. Бұл кезең модернизм мен реформаторлық қозғалыстардың шыңдалуымен сипатталады.

5. Қазіргі заман – Кеңес Одағының тоталитаризм кезеңінен кейінгі ұлттық мәдениетке оралу мен жаһандану дәуірі. Бұл кезеңде қазақ халқының тарихи санасы индустриалдық және постиндустриалдық қоғамдардың ықпалымен жаңаша сипат алды.

Бұқар жыраудың «Ай, заман-ай, заман-ай» деп басталатын жыр жолдары сол кезеңдегі қазақ қоғамының тұманды болашағы мен ауыр жағдайына деген алаңдаушылықты білдіреді. Жырау заманның

күлдырауын бейнелеп, қоғамның құндылықтары қалай өзгергенін, адамдар арасындағы әлеуметтік және моральдық теңсіздіктерді ашық сипаттайды. Оның айтуынша, заманның өзгеруімен бірге еркіндік пен рухани биіктік төмендеп, арғымақ пен жабылар, жақсылар мен жамандар теңескен кезеңдер басталған. Бұл – қоғамдағы әділетсіздікті, құндылықтардың күлдырауын көрсету [10].

Егер Асан Қайғы келешек заманға үмітпен және философиялық болжаумен қараса, Бұқар жырау өзінің заманына алаңдаушылықпен қарап, нақты әлеуметтік проблемаларға назар аударған. Оның жырларындағы «Ай, заман-ай» тіркесі өкініш пен мұңды, заманның күлдырауын және «әттеген-ай» деген шерлі үнді білдіреді [11].

Осы тақырыпқа терең бойлап, қоғамның мәселелерін шынайы түрде жырлаған ойшылдардың бірі – Ғұмар Қараш. Ол қазақ халқының тарихи тағдыры мен заман ағымын философиялық тұрғыдан талдап, өз дәуіріндегі әлеуметтік мәселелерге терең алаңдаушылық білдірген қайраткер тұлға. Ғұмар Қараш – ойшыл, ақын, дін саласының білгірі және өз халқы үшін аянбай еңбек еткен қайраткер [12]. Ол араб, парсы, татар және башқұрт тілдерін жетік меңгеріп, Алаш зиялылары арасында жоғары діни сауаттылығымен «Алаш имамы» атанған. Жастайынан білімге құштар Ғұмар Қараш сопылық іліммен де таныс болып, заманның бет-бейнесін терең философиялық тұрғыда сипаттап, оның шынайы келбетін бейнелей білді. Ғұмар Қараш жыраулық дәстүр мен зар заман поэзиясын жалғастырып қана қоймай, өткенді аңсап, болашақтағы қауіп-қатерлерді алдын ала болжаған ойшыл. Оның шығармаларында замана азғындауы, құндылықтардың күлдырауы, әділетсіздік пен алауыздықтың күшеюі терең сыналады. Ол өз заманындағы әлеуметтік әділетсіздіктерді былай деп суреттейді:

«Замана азған шағында,
Түрлі де, түрлі күй болды,
Құлдан туған би болды.

...

Адалдық, ақтық білмейді,
Ары, діні мал болды».

Бұл жыр жолдары сол дәуірдің қоғамдағы әділетсіздік пен моральдық құндылықтардың әлсіреуін бейнелейді. Ғұмар Қараш өз шығармаларында заманауи қоғамның мәселелеріне тоқталып қана қоймай, олардың шешілу жолдарын да ұсынады.

Уақыт – шексіз, үздіксіз және қайталанбайтын үдеріс. Ол өткеннен болашаққа қарай бағыттталып, қоғам мен адамның дамуының негізін құрайды. Уақыт абсолютті және объективті құбылыс болса, заман – уақыттың әлеуметтік мәнге ие бөлігін бейнелейтін субъективті ұғым. Бұл тұрғыда «заман» уақытты тек хронологиялық шеңберде ғана емес,

эмоционалдық және әлеуметтік мазмұн арқылы да сипаттайды. Бұқар жыраудың: «Ай, заман-ай, заман-ай» деген жыр жолдары заманның эмоционалдық реңкін, оның тұмандығын және қоғамдағы құндылықтардың құлдырауын көрсетеді

Заман уақыттың белгілі бір бөлігін қамтып, тарихи шындықтың көрінісі ретінде қызмет етеді. Уақыттың өзіне тән объективтілігіне қарамастан, заман адамның қоғамдық және рухани болмысына тәуелді. Абайдың: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» деген тұжырымы заманның қоғамның қалыптасуына ықпалын ғана емес, оның өз кезегінде адамдардың әрекетімен қалыптасатынын да көрсетеді. Бұл – заман мен уақыттың диалектикалық өзара байланысының айқын көрінісі.

Кеңістік – заманның өрісі. Әрбір заман өзінің кеңістігінде өрбиді және сол кеңістіктің тарихи, географиялық, мәдени ерекшеліктерімен айқындалады. Мысалы, Бақытжан Сатершиновтың заман жіктемесінде «Алтын заман» көшпенділер өркениетінің кеңістік шарықтау шегі ретінде сипатталады. Бұл кезеңнің кеңістігі тек физикалық аумақ қана емес, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени бірлік болған. Кеңістік заманның оқиғаларын, идеяларын және құндылықтарын сақтау арқылы белгілі бір дәуірдің тарихи шындығын бейнелейді. Бұқар жыраудың шығармаларындағы кеңістік элементтері қазақ қоғамының нақты өмір салтын, оның көшпенділік мәдениетінің дағдарысын және отаршылдық дәуірдің қайшылықтарын көрсетеді. «Арғымақтың жалы жоқ – жабылар жалыменен теңелер» деген жолдар кеңістіктегі әлеуметтік теңсіздік пен құндылықтардың құлдырауын ашып береді.

Заман, уақыт және кеңістік біртұтас философиялық жүйе ретінде қарастырылады. Уақыт пен кеңістік заманның контекстуалдық негізін құраса, заман олардың ішіндегі құбылыстар мен оқиғаларды сипаттайды. Мысалы, «Қилы заман» – қазақ қоғамының XV-XVIII ғасырлардағы әлеуметтік өзгерістері мен кеңістіктегі қозғалыстарын бейнелейді. Бұл заманның әлеуметтік және кеңістіктік шындығы қазақ жырауларының шығармаларында көрініс тапты. Асан Қайғы заман мен кеңістікті үйлесімді түрде сипаттап, болашақтағы идеалды кеңістік «Жерұйықты» іздеді. Ал Бұқар жырау заманның шынайы кеңістігін бейнелеп, қоғамдағы құндылықтардың құлдырауына алаңдаушылық білдірді. Мұндай көзқарастар заманның кеңістік пен уақыт арасындағы тығыз байланысын айқындайды.

Зерттеу әдіснамасы

Заман ұғымы – қазақ философиясының негізін құрайтын маңызды категориялардың бірі. Бұл ұғым уақыт пен кеңістік аясында қоғамның

әлеуметтік, мәдени, және тарихи болмысын бейнелейді. Алайда, «заман» ұғымының философиялық тұрғыдан терең зерттелмеуі, оның мәні мен мазмұнын ашудағы шектеулілік қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ философиясындағы заман ұғымының эволюциясын зерттеу, оның уақыт пен кеңістік категорияларымен байланысын анықтау, сондай-ақ, заманның философиялық мәнін ашу.

- Абай философиясындағы заман ұғымының мәнін, оның уақыт пен кеңістік категорияларымен байланысын анықтау.

- Абайдың заман туралы ойларының қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және рухани болмысына тигізген ықпалын талдау.

Зерттеу барысында заман ұғымының Абай философиясындағы орнын анықтау және оның уақыт пен кеңістік категорияларымен байланысын талдау үшін кешенді ғылыми әдістер қолданылды. Тарихи-философиялық әдіс арқылы Абайдың философиялық көзқарастарын тарихи жағдайда қарастыру жүзеге асырылды. Абайдың заман туралы ойларының сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени болмысымен байланысы анықталды. Сонымен қатар, Абай философиясындағы заман ұғымының эволюциясы, оның ұлттық тарихи санамен сабақтастығы талданды. Мазмұнды талдау әдісі Абайдың шығармаларындағы (қара сөздері мен өлеңдері) заман туралы ойлары терең мазмұнды талдауға алынды. Бұл әдіс Абайдың заман ұғымын бейнелеу тәсілдерін, оның философиялық және әлеуметтік көзқарастарының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу объектісін тұтастықта қарастыру үшін жүйелі талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл арқылы Абай философиясындағы заман ұғымының әртүрлі түсініктері: уақыт, кеңістік, әлеуметтік құндылықтар, адамгершілік категориялары біртұтас жүйе ретінде қарастырылды.

Абай философиясындағы заман ұғымы

Абайдың заман туралы ойлары уақыт пен кеңістік категорияларымен тығыз байланысты. Уақыт – шексіз, үздіксіз ағым болса, заман – сол уақыттың белгілі бір әлеуметтік мәнге ие бөлігін бейнелейді. Абай заманның осындай ерекшеліктерін сипаттай отырып, оның өзгермелі табиғатын, қоғамдағы құндылықтардың уақыт өте келе қалай құлдырайтынын немесе жаңғыратынын өз өлеңдері мен қара сөздерінде бейнелеген.

Абайдың «Тоты түсті көбелек» атты өлеңі заманның табиғатын терең философиялық тұрғыда сипаттайды:

«Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек»

Өлең жолдары арқылы Абай заманның объективтілігін, оның адамға бағынбайтын, өз ырқы бойынша әрекет ететін құбылыс екенін айқындайды. Заман тек бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның өмірін қалыптастыратын қуатты күш ретінде көрінеді. Өлеңде Абай заманның билігі мен оны түзету мәселесіне тоқталады: «Заманды қай жан билемек?» деген риторикалық сұрақ заманның адам қолынан тыс екенін меңзейді. Бұл жерде заманның өзгеруі мен оның қоғамға ықпалын түсіну мәселесі көтеріледі. Абай заманның құбылмалылығын суреттей отырып, оны түзеу немесе басқару мүмкіндігі туралы ойландырады.

Абай философиясында заманның объективтілігі маңызды орын алса да, ол заманның адамның еркін толықтай билей алмайтынын көрсетеді. Абайдың көзқарасы бойынша, заман адамдарды өз ықпалымен сүйрегенімен, белгілі бір дәрежеде адам да заманға ықпал ете алады. Бұл ой «заманды адам жасайды ма, әлде адамды заман билей ме?» деген көне сұрақтың терең философиялық мәнін ашады. Абай заманның өззандылықтарына бағынатынын мойындап, сонымен қатар адамның да белгілі бір деңгейде заманды қалыптастыратынын алға тартады. Заман мен адамның өзара әрекеттесуінде Абай өзгерістердің рөлін ерекше атап көрсетеді. Адамның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдары заман талабына сәйкес өзгеріп отырады. Бүгінгі буын өткеннің орнын басып, жаңа идеялар мен құндылықтарды қалыптастырады. Бұл процесс арқылы қоғамның экономикалық, рухани және мәдени салалары үздіксіз дамып, жаңарады.

Абайдың шығармаларында «арғы заман» ұғымы да кездеседі. Бұл ұғым қазақ халқының тарихи жады мен дүниетанымындағы ерекше кезеңдерді сипаттайды. Ата-бабаларымыздың өмір сүрген көне дәуірлері – тек уақыт өлшемі ғана емес, сонымен бірге қазақ руханиятының, мәдениетінің және құндылықтарының қалыптасу негізі. Советтік кезеңде қолданысқа енген «көне дәуір» немесе «біздің дәуірімізге дейінгі» деген ұғымдар қазақ дүниетанымындағы «арғы заман» түсінігінен алыстап, ұлттық танымға сәйкес келмейтін сипат алғаны байқалады. Сондықтан қазақ дүниетанымына тән «арғы заман» ұғымын қайтадан оқулықтарға енгізу және оны ғылыми айналымға түсіру маңызды. Бұл тек ұлт тарихын ғана емес, ұрпақ санасын да ұлттық құндылықтарға жақындатады.

Абай заманның үнемі өзгерісте болатындығын, жаман мен жақсының, ескінің орнына жаңа идеялардың келетінін ерекше атап өткен. Бұл ой қазіргі заманға да сәйкес келеді. Әлемдегі саяси, экономикалық және рухани өзгерістер қоғамның ойлау мәдениеті мен құндылықтарын үздіксіз жаңартады. Мысалы, тоталитаризм, коммунизм және социализм заманы – тарихқа айналған өткен кезеңдер. Ал қазіргі заман – мүлдем жаңа сананың қалыптасу кезеңі. Бұл алмағайып, өзгермелі заманның ерекшелігі – жаңа

идеялардың пайда болуы, құндылықтардың жаңғыруы және өмірлік ұстанымдардың өзгеруі.

Абай философиясында заман мен адам егіз ұғымдар ретінде қарастырылады. Алайда, заманның күші мен ықпалы басымырақ. Абай заманның объективті сипатын ерекше атап өтеді: заман адамды билеп, оны өз ырқына көндіреді. Заманды басқару немесе оны өз еркіне бағындыру мүмкін еместей көрінеді. Абайдың пайымынша, заманның ағымына қарсы тұру немесе оны өзгерту – күрделі, бірақ маңызды мәселе.

Абайдың 37-қара сөзіндегі:

«Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдындағы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер» - деген бейнелі анықтамасы заман мен адамның өзара ықпалын поэтикалық түрде сипаттайды. Бұл метафора арқылы Абай заманның үнемі қозғалыста, өзгерісте болатынын және адам өмірінің сол толқын ішінде өзіндік орнын табуы маңызды екенін көрсетеді.

Абайдың ойынша, адамдар өз заманының талабына икемделіп әрекет етуі мүмкін, бірақ заманға толықтай бағыну немесе оның ықпалымен ғана өмір сүру қауіпті. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген түсінік заманға икемделуді қажет ететінін білдіреді. Бірақ бұл бейімделу адамның өз принциптері мен азаматтық ұстанымын жоғалтпай жүзеге асуы тиіс. Заманның ағысына қарсы тұру немесе оған бейімделу – әр адамның таңдауына байланысты. Заманның ыңғайына көніп, бейімделе беретін адамдардың көптігі олардың қоғамдағы ықпалын төмендетсе, ағысқа қарсы тұрып, өзіндік жолды ұстанған тұлғалар қоғамның дамуына үлес қосады. Бұл – азаматтық сана мен жауапкершіліктің көрінісі.

Абай заман мазмұнының өздігінен қалыптаспайтынын және оның қалыптасуына адамдардың қатысатынын түсіндіреді. Заманды анықтайтын, оның мазмұнын құрайтын – қоғам мен оның көшбасшылары. Мемлекет басшылары, ойшылдар, хандар мен билер заманның мазмұнын, бағытын анықтайтын негізгі тұлғалар болып табылады. Сонымен қатар, заманды анықтауда халықтың рөлі ерекше. Абай заманның мазмұны халықтың экономикалық, рухани-мәдени деңгейіне тәуелді екенін айтады. Тарихи тұрғыдан, әрбір заманның мазмұны – сол дәуірдегі адамдардың әрекеттерінің көрінісі. Бұл ой заман мен адамның тығыз байланысын және олардың өзара ықпалын нақтылайды.

Абай қырық жасына жеткенде, оның дүниетанымы шығыстық рухани қазынамен және өмірлік тәжірибемен байыған, терең философиялық деңгейге көтерілген еді. Бұл кемелдену ақынның заманның табиғатын, адамның мінез-құлқын терең тануына мүмкіндік берді. Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген сөздері – ақынның тек

жасының ұлғайғанын ғана емес, рухани биікке жеткендігін білдіреді. Бұл кезеңде Абай заман сырын, оның адамға әсерін және адам мен заманның өзара қарым-қатынасын зерделеуге бет бұрады.

Абай заман мен адам арасындағы байланысты жақсы мен жаман, адал мен арам, ақыл мен қайрат ұғымдары арқылы терең түсіндіреді. Ол заман мен адамның мәнін адамгершілік тұрғысынан саралайды. Ақын үшін адалдық пен әділдік заманның негізгі өлшемі болуы керек, ал бұл өлшемдерді түсініп, ұстана білу тек ақыл арқылы мүмкін болады. Абайдың рухани кемелденуі оны заман мен адамның қайшылықтарына терең талдау жасауға жетелейді. Ол заманның қайшылықтары мен әділетсіздіктерін тек сыртқы жағдайлардан ғана емес, адамдардың мінез-құлқынан, олардың ақыл-ой деңгейінен іздейді. Бұл – адамның рухани және моральдық жағдайына байланысты заманның да өзгеруі мүмкін деген тұжырымға әкеледі. Абай өзінің рухани деңгейінің заманынан және замандастарынан озғанын сезінеді. Бұл – адамның ой-санасының өзгелерден биікке көтерілуінің нәтижесінде туындайтын жалғыздық. Абай өз заманында ақылымен, парасатымен оқшау тұрғанын аңғарып, айналасынан мұндасар, ойласар адам таппай, толғанады. Бұл жалғыздық оны өз жанына үңілуге, өз жүрегінен жұбаныш іздеуге жетелейді. Абайдың заман мен адам туралы толғаныстары адалдық пен арамдықтың, жақсылық пен жамандықтың, ақыл мен қайраттың мәңгілік қарама-қайшылықтарына ұласады. Ақын заманның сипатын және оның адамға әсерін түсіндіре отырып, жеке тұлғаның рухани өсуі арқылы қоғамды өзгертудің мүмкіндігін көрсетеді.

Абайдың 1886 жылы жазылған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңі – ақынның заман мен адам туралы терең ойларын бейнелейтін күрделі көркем туынды. Өлеңнің әр шумағы негізгі тақырып пен идеяны әр қырынан ашып, тұтастай алғанда, адамның өмірдегі орны, рухани толысуы және қоғамның жағдайы туралы күрделі философиялық пайымдауларға әкеледі. Өлеңнің алғашқы екі шумағы ақынның адам мен заман туралы жалпы философиялық ойларынан құралған. Мұнда Абай адамның заманға бейімделу қажеттілігін, бірақ сонымен қатар заманның адамды қалай билейтінін суреттейді.

Ақынның пайымдауынша, адам бойындағы жауапкершілік пен ақыл-ойдың үстемдігі заманның ықпалына қарсы тұра алады. Бұл шумақтарда заманға бағынбай, өз ұстанымын сақтай білудің маңыздылығы айтылса, екінші жағынан, заманның табиғатын түсінбей, оның ықпалына толықтай көніп кету – ездің сипаты екенін көрсетеді. Кейінгі шумақтарда Абайдың ойлары нақты бейнелерге айналып, адамның заманға деген әрекеттерін сипаттайды. Мұнда ақын бойкүйездік пен еріншектік сияқты адамның әлсіз тұстарын сынады. Абай үшін адамның рухани биіктікке жетуі –

оның ақылға еруі, ал ақылға ере алмай, еріншек тарту – адам бойындағы ең төмен қасиеттердің бірі. Ақын «бойдың салғырттығын жеңіп, ой қуып, ақылға еру ердің ісі» деп, адамның өз күш-жігерімен рухани даму жолына түсуі керектігін баса айтады. Бұл – заманның ықпалына еріп қана қоймай, оған ақыл мен парасат арқылы қарсы тұру қажеттігі туралы ой. Ал ездер бұл талапқа сай болмай, тек көптің ішінде қалуға мәжбүр.

Абайдың философиясында заман мен уақыт бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар ретінде қарастырылады. Уақыттың объективті сипаты – оның ешкімге тәуелсіз, үздіксіз қозғалыста болуы. Абай заманның осы уақытқа тәуелді бола тұра, адам өміріне тікелей әсер ететінін және оның өзгермелі табиғатын айқын суреттейді. Адам уақыттың үздіксіз қозғалысын тоқтата алмаса да, заманның ағымына жауап беру арқылы өз рөлін анықтай алады. Бұл идея уақыттың адам өміріндегі шексіздігі мен заманның салыстырмалы шектеулілігін көрсетеді.

Кеңістік – уақыттың аясында белгілі бір географиялық, әлеуметтік және мәдени шарттармен анықталатын өмір сүру аймағы. Абай заманның кеңістікпен байланысын «арғы заман» ұғымы арқылы түсіндіреді. Бұл ұғым қазақ халқының тарихи жады мен өмір сүрген аймағындағы дәуірлердің ерекшеліктерін көрсетеді. Абайдың «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел» деген бейнелі анықтамасы кеңістік пен уақыттың өзара ықпалын түсіндіреді. Көл – кеңістіктің тұрақты бөлігі, ал жел – уақыттың үздіксіз қозғалысын білдіреді. Осы метафора арқылы Абай заманның уақыт пен кеңістік шеңберінде адам өміріне ықпал ететінін айқын суреттейді. Абайдың пайымдауынша, адам заманның ықпалына түссе де, өз ақыл-ойы мен парасатын пайдалана отырып, оны жеңе алады. Бұл – уақыт пен кеңістікке бейімделу мен қарсы тұру арасындағы диалектикалық байланыс. Абайдың заман туралы ойлары уақыт пен кеңістікті тек объективті өлшемдер ретінде ғана емес, адам өмірінің моральдық және рухани дамуының негізі ретінде қарастырады.

Қорытынды

Қазақ философиясындағы «заман» ұғымы уақыт пен кеңістік категорияларымен тығыз байланыста болып, қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани дамуының айнасы ретінде көрінеді. Бұл ұғымның эволюциясы адам мен қоғамның өзара әрекеттесуін, тарихи және рухани құндылықтардың қалыптасуын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Абайдың заман туралы философиялық ойларының маңызы ерекше. Ол заманның объективті сипатын мойындай отырып, адамның заманға ықпал ету мүмкіндігін терең түсінген. Заман – тек сыртқы жағдайлар жиынтығы емес, ол адамның рухани және моральдық деңгейімен қалыптасатын

құбылыс. Абай заман мен адамның өзара тығыз байланысын қарастыра отырып, жеке тұлғаның қоғам дамуына тигізетін рөлін анық көрсетеді.

Заманның өзгермелі табиғаты, оның қоғамдағы құндылықтарға, ойлау мәдениетіне және адамның мінез-құлқына әсері айқындалды. Абай заманға бейімделудің және оған қарсы тұрудың арасындағы үйлесімділікке ерекше назар аударады. Бұл адамның өз принциптерін сақтай отырып, қоғамның игілігі үшін әрекет етуінің маңыздылығын көрсетеді.

Заман мен уақыттың шексіздігіне қарамастан, адамның оның мазмұнына әсер ету қабілеті бар екені анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың философиялық көзқарастары бүгінгі заман үшін де өзекті. Қоғамдағы әрбір адам заманның ағымына бейімделумен қатар, оны жақсартуға, өзгертуге үлес қоса алатынын түсінуі керек.

Абайдың заман туралы философиялық ойлары – ұлттық философия мен тарихи сананың ажырамас бөлігі. Ол адамның рухани кемелденуін заманның дамуының негізі деп біледі. Бұл идеялар қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани мұрасын түсінуде маңызды рөл атқарады және бүгінгі ұрпақ үшін де құнды бағдар болып қала береді.

Түйіндей келе, заман – уақыт пен кеңістіктің тоғысында адам мен қоғамның болмысын айқындайтын маңызды философиялық ұғым. Оның мағынасы мен мәнін терең түсіну – рухани даму мен қоғамның өркендеуінің негізі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кемербаев Р. А. Философия эпохи перемен // *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии.* – 2018. – Т. 63. – №. 1. – С. 39-47.
- 2 Таева Ж. Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық шеберханасы // *Научно-практический журнал MUSEUM. KZ.* – 2024. – Т. 1. – №. 2.
- 3 Тимофеев Л. И., Поспелов Г. Н., Дувакин В. Д. Устные мемуары. – Изд-во Моск. ун-та, 2003.
- 4 Мальгаждар А. Абай қара сөздерінің өнегелі ғибраты // *Новая наука: современное состояние и перспективы развития.* – 2023. – С. 49-53.
- 5 Кемербай Р. Қайғы-қасірет емес, ол ең алдымен ойшылдық ел // *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии.* – 2019. – Т. 68. – №. 2. – С. 65-74.
- 6 Сапарғалиева С. Ж. Философиялық ойлар сабақтастығы – Ж.М. Әбділдин философиясындағы «Идея» ұғымы. – 2018. – С. 286-288.
- 7 Жонкешов Б., Сарсенбаев А. Тарих терминологиясындағы заман, дәуір, саты, кезең хронологиялық терминдерінің орны // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки.* – 2023. – Т. 80. – №. 4.
- 8 Абдрахманова А. Е. «Заман» концептісінің тілдік-танымдық көрінісі. – 2020.
- 9 Сатершинов Б., Абдираманова А. Т. Этноконфессиональные тенденции идентичности народа Казахстана // *Мир Большого Алтая.* – 2017. – Т. 3. – №. 3. – С. 335-340.
- 10 Топашов М. Бұқар жырау толғауларының идеялық-тақырыптық сипаты. – 2022.
- 11 Abdurazakova G. A. The legacy of Asan Kaigy in Kazakh political thought. – 2023. – С. 179-181.

12 Tagudretova B. B. Zamany tudyrgan kalamger // Global Science and Innovations: Central Asia. – 2021. – Т. 3. – №. 9. – С. 8-12.

Transliteration

1 Kemerbaev R. A. Filosofiya epokhi peremen [Philosophy of the Age of Change] // *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii.* – 2018. – Т. 63. – №. 1. – С. 39-47.

2 Taeva Zh. Gabit Musirepovtin shygarmashylyk sheberkhanasy [Creative Workshop of Gabit Musirepov] // *Nauchno-prakticheskiy zhurnal MUSEUM. KZ.* – 2024. – Т. 1. – №. 2.

3 Timofeev L.I., Pospelov G.N., Duvakin V.D. Ustnye memuary [Oral Memoirs]. – Izd-vo Mosk. un-ta, 2003.

4 Mal'gazhdar A. Abay kara sozderinin onegeli gibraty [The Moral of Abai's Words of Edification] // *Novaya nauka: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya.* – 2023. – S. 49-53.

5 Kemberbay R. Kaygy-kasiret emes, ol en aldymen oyshyldyk el [It is Not a Tragedy, it is Primarily a Country of Contemplation] // *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii.* – 2019. – Т. 68. – №. 2. – С. 65-74.

6 Sapargalieva S. Zh. Filosofiyalyk oylar sabaktastygy – Zh.M. Abdildin filosofiyasyndagy «Ideya» ugymy [Continuity of Philosophical Thought-the Concept of «Idea» in the Philosophy of zh.m. Abdildin]. – 2018. – С. 286-288.

7 Zhonkeshov B., Sarsenbaev A. Tarikh terminologiyasyndagy zaman, dauir, saty, kezen khronologiyalyk terminderinin orny [The Place of Chronological Terms Time, era, Stage, Period in the Terminology of History] // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Istoricheskie i sotsial'no-politicheskie nauki.* – 2023. – Т. 80. – №. 4.

8 Abdrakhmanova A.E. «Zaman» kontseptisinin tildik-tanymdyk korinisi [Language and Cognitive Reflection of the Concept of «time»]. – 2020.

9 Satershinov B., Abdiramanova A.T. Etnokonfessional'nye tendentsii identichnosti naroda Kazakhstana [Ethno-Confessional Tendencies of the Identity of the People of Kazakhstan] // *Mir Bol'shogo Altaya.* – 2017. – Т. 3. – №. 3. – С. 335-340.

10 Topashov M. Bukar zhyrau tolgaularynyn ideyalyk–takyryptyk sipaty [Ideological and Thematic Nature of Bukhar-zhyrau's Reflections]. – 2022.

11 Abdurazakova G. A. The legacy of Asan Kaigy in Kazakh political thought. – 2023. – P. 179-181.

12 Tagudretova B.B. Zamany tudyrgan kalamger [The Writer who Gave rise to the Times] // *Global Science and Innovations: Central Asia.* – 2021. – Т. 3. – №. 9. – С. 8-12.

Жангалиева А.Р., Ғарифолла Е., Рахматуллина З.Я., Шамахай С.

Эволюция понятия времени в казахской философии: пространство и время

Аннотация. Данная статья посвящена изучению эволюции понятия «время» в казахской философии. Время-сложное философское понятие, тесно связанное с категориями времени и пространства, отражающее социальное, культурное и духовное развитие общества. В статье рассматривается философское значение понятия времени, его место в рамках времени и пространства, а также влияние человека на время и время на человека.

Особое внимание в исследовании уделяется философии Абая. Мысли Абая о времени глубоко отражены в его стихах и словах назидания. Признавая объективный характер времени, поэт описывает его влияние на духовные и нравственные качества

человека. Кроме того, Абай показывает зависимость времени от человеческих действий, то есть человек также может влиять на время.

В статье анализируются различия времени и времени, их роль в развитии общества и обмене ценностями. Через понятие «загробная жизнь» рассматривается взаимосвязь измерений времени и пространства в исторической памяти и духовном наследии казахского народа. Также обсуждается с философской точки зрения непрерывное изменение времени и его влияние на ценности в обществе, жизненные позиции человека.

В результате исследования установлено, что время-это не просто объективное явление, а понятие, формируемое духовными и нравственными действиями человека. Философские взгляды Абая играют важную роль в понимании социального и культурного содержания времени, а также в формировании национального исторического сознания.

Ключевые слова: заман, время, пространство, философия Абая, социальные ценности, казахское мировоззрение, историческое сознание..

Zhangalieva A., Garifolla Y., Rakhmatullina Z., Shamakhai S.

Evolution of the Concept of Time in Kazakh Philosophy: Space and Time

Abstract. This article is devoted to the study of the evolution of the concept of «time» in Kazakh philosophy. Time is a complex philosophical concept closely related to the categories of time and space, reflecting the social, cultural and spiritual development of society. The article examines the philosophical meaning of the concept of time, its place within time and space, as well as the influence of man on time and time on man.

The study pays special attention to the philosophy of Abai. Abai's thoughts about time are deeply reflected in his poems and words of edification. Recognizing the objective nature of time, the poet describes its influence on the spiritual and moral qualities of a person. In addition, the Abai shows the dependence of time on human actions, that is, a person can also influence time.

The article analyzes the differences between time and time, their role in the development of society and the exchange of values. Through the concept of «afterlife», the interrelation of the dimensions of time and space in the historical memory and spiritual heritage of the Kazakh people is considered. It also discusses, from a philosophical point of view, the continuous change of time and its impact on values in society, human life positions.

As a result of the research, it has been established that time is not just an objective phenomenon, but a concept formed by spiritual and moral actions of a person. Abai's philosophical views play an important role in understanding the social and cultural content of the time, as well as in shaping national historical consciousness.

Keywords: zaman, time, space, philosophy of Abai, social values, Kazakh worldview, historical consciousness.

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҒЫ: ТАҒДЫР, БАҚЫТ ЖӘНЕ ӨМІРДІҢ МӘНІ КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

*¹Дағарова Жанар Өміржанқызы, ²Бакирова Алуа Турсуновна,
³Садуова Жанар Нуралиевна*

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды, Қазақстан)

²Қарағанды медицина университеті (Қарағанды, Қазақстан)

*³Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Түркістан, Қазақстан)*

¹janka_04@mail.ru, ²alua_23@mail.ru, ³zhanar.saduova@iuth.edu.kz

¹Dagarova Zhanar, ²Bakirova Alua, ³Saduova Zhanar

¹E.A. Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan)

²Karaganda Medical University (Karaganda, Kazakhstan)

³International University of Tourism and hospitality (Turkestan, Kazakhstan)

¹janka_04@mail.ru, ²alua_23@mail.ru, ³zhanar.saduova@iuth.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада философиядағы тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категорияларының өзара байланысы терең талданады. Ағартушылық дәуірінің көрнекті өкілдері (Жан-Жак Руссо, Иммануил Кант, Вольтер) мен қазақ ойшылдарының (Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы) философиялық идеялары салыстырмалы түрде зерттеліп, олардың адам өміріндегі моральдық жауапкершілік, еркіндік және рухани ізденіспен байланысы қарастырылады. Зерттеу барысында әртүрлі мәдени-философиялық дәстүрлердегі тағдыр, бақыт және өмір мәнін түсінудің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Сонымен қатар, бұл категориялардың заманауи қоғам үшін өзектілігі, оның ішінде адамның жеке және қоғамдық деңгейдегі жауапкершілігі, рухани тепе-теңдікке ұмтылысы мен әділетті қоғам құру қажеттілігі талданды.

Қазақ философиясындағы тағдыр ұғымы ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерімен ұштасып, адамның еркін әрекеті мен моральдық жауапкершілігі тұрғысынан қарастырылады. Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде тағдырдың рухани жетілу, ар тазалығы және білім арқылы өзгеретін динамикалық процесс ретінде түсіндірілуі ерекше орын алады. Сонымен бірге, ағартушылар дәуірінде тағдыр мен өмірдің мәні рационалдық тұрғыда қайта қаралып, адамның табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруі арқылы моральдық және элеуметтік жауапкершіліктердің маңызы көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категорияларын адамның еркіндігі, моральдық заңдарға бағынуы және рухани дамуы тұрғысынан түсіндірудің өзектілігін анықтады. Бұл категорияларды философиялық тұрғыда зерделеу қазіргі заманның рухани дағдарыстары мен жаһандану үдерістерінде адамның рухани-

әлеуметтік дамуына жаңа серпін бере алады. Мақаладағы талдаулар өмірдің мәнін іздеу, жеке жауапкершілікті күшейту және рухани үйлесімділікті арттыру мәселелеріне бағытталған.

Түйін сөздер: тағдыр, бақыт, өмірдің мәні, ағартушылық дәуір, қазақ философиясы, еркіндік.

Кіріспе

Адамзат өркениетінің тарихында тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категориялары философиялық ойдың басты мәселелері ретінде әрдайым назарда болды. Бұл ұғымдар адамның болмысын, оның өмірдегі рөлін, қоғаммен және табиғатпен қарым-қатынасын түсіндірудің негізі ретінде көрініс тапты. Әсіресе, ағартушылық дәуірінде бұл категориялардың өзара байланысы жаңа деңгейде қарастырылып, олардың адам мен қоғам өміріндегі орны ерекше бағаланды. Тағдыр ұғымының генезисі мен оның әртүрлі мәдениеттерде қабылдануы, бақытты іздеу жолындағы философиялық ізденістер, сондай-ақ өмірдің мәнін табуға бағытталған талпыныстар әлемдік философияның ғана емес, қазақ философиясының да рухани мұрасында терең із қалдырды.

Ағартушылық дәуірі – адамзат тарихында интеллектуалдық серпілістің айрықша кезеңі. Бұл дәуірде тағдыр мен өмірдің мәні туралы түсініктер рационалдық және гуманистік тұрғыда қайта қаралып, жаңа көзқарастар қалыптасты. Бұл кезең адам табиғаты мен оның болмысын түсінуге бағытталған философиялық ойлар арқылы адамның жеке бас бостандығы мен оның бақытына жету жолын анықтау мәселелерін көтерді. Бұл кезең адам табиғаты мен оның болмысын түсінуге бағытталған философиялық ойлар арқылы адамның жеке бас бостандығы мен оның бақытына жету жолын анықтау мәселелерін көтерді. Жан-Жак Руссо, Иммануил Кант, Вольтер сынды ойшылдар бақытты іздеу мен тағдырдың мәнін адамның табиғаты, қоғамдағы орны және оның моральдық жауапкершілігі арқылы түсінуге тырысты.

Мәселен, Иммануил Кант адам бақытын моральдық заңдарға бағынумен және жеке жауапкершілікпен байланыстырды. Оның пікірінше, тағдыр адамның өз іс-әрекеттерімен жасалатын және моральдық құндылықтарға негізделген процесс. Осы көзқарас қазақ философиясының ұғымдарымен үндеседі, мұнда адам тағдыры “жеке тұлғаның әрекеттері мен қоғамдағы міндеттері арқылы анықталады” деген идея жиі айтылады.

Вольтер өз шығармаларында тағдырды адам еркіндігі мен рационалдық ойлаумен байланыстыра отырып, кездейсоқтықтың мәнін ашуға тырысты. Ол адам өмірінің маңыздылығын түсіну үшін тағдырдың тек сыртқы күштердің ықпалы емес, адамның өз әрекетінің нәтижесі

екенін атап өткен. Бұл ой қазіргі қазақ философиясында да маңызды, себебі қазақ халқының дүниетанымында тағдыр адамның шешім қабылдау еркіндігімен ұштасады.

Қазақ халқының дәстүрлі философиясында тағдыр ұғымы туралы түсініктер халықтың әлеуметтік, мәдени және экзистенциалдық тәжірибелері арқылы қалыптасқан. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абай Құнанбайұлы және Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінде тағдыр, бақыт және өмірдің мәні ұғымдары адамның рухани жетілуі мен моральдық принциптеріне негізделген. Абайдың «Толық адам» ілімі адамның өмір мәнін табудағы рухани дамуы мен қоғамдағы жауапкершілігін басты назарға қояды.

Қазақ философиясы үшін де бұл мәселелер аса маңызды. Дәстүрлі қазақ дүниетанымы тағдырды тек мистикалық түсінікпен шектеп қана қоймай, оны адам мен қоғамның болмысындағы маңызды категория ретінде қарастырды. Қазақ философиясында тағдыр ұғымы тек діни-мистикалық мазмұнмен шектелмей, адамның таңдау еркіндігі, жеке жауапкершілік және қоғамдағы рөлімен тығыз байланысты зерттеледі. Мұның бәрі қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алатын «құт», «қанағат», «тағдырдың сыйы» сынды түсініктерде көрініс тапқан. Бұл ұғымдарды зерттеу арқылы қазақ халқының дүниетанымдық ерекшеліктері мен олардың әлемдік философиялық ойлармен байланысын анықтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі заманғы жаһандану үдерістері мен қоғамның рухани дағдарысы жағдайында өмірдің мәнін түсіну және бақытқа жету жолдарын іздеу мәселесі бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Фридрих Ницше мен Сёрен Кьеркегор сынды ойшылдардың шығармаларында өмірдің мәнін іздеудің маңыздылығы адамның еркіндігі мен оның болмыстық тәжірибесін негізге ала отырып қарастырылады. Ницшенің “өмірге иә деп айту” концепциясы тағдырға позитивті көзқараспен қарауға шақырады, бұл қазақ философиясындағы “қанағат” ұғымымен үндес.

Қазақ философиясы үшін де бұл мәселелер аса маңызды. Дәстүрлі қазақ дүниетанымы тағдырды тек мистикалық түсінікпен шектеп қана қоймай, оны адам мен қоғамның болмысындағы маңызды категория ретінде қарастырды. Қазақ философиясында тағдыр ұғымы тек діни-мистикалық мазмұнмен шектелмей, адамның таңдау еркіндігі, жеке жауапкершілік және қоғамдағы рөлімен тығыз байланысты зерттеледі. Мұның бәрі қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алатын «құт», «қанағат», «тағдырдың сыйы» сынды түсініктерде көрініс тапқан. Бұл ұғымдарды зерттеу арқылы қазақ халқының дүниетанымдық ерекшеліктері мен олардың әлемдік философиялық ойлармен байланысын анықтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл мақалада ағартушылар философиясындағы тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категорияларының өзара байланысы мен олардың қазақ философиясындағы түсіндірмесі талданады. Сонымен қатар, тағдыр ұғымының генезисін мәдени-тарихи тұрғыдан зерттеу және оның қазақ дүниетанымындағы орны мен рөлін анықтау мақсаты қойылған. Осы арқылы адамның өмірдегі орны мен тағдырын түсінудегі қазақ халқының философиялық ой-пікірлерінің жалпыадамзаттық идеялармен үйлесімділігі көрсетіледі.

Қорыта келгенде, бұл тақырыптың маңыздылығы оның жалпы философиялық және мәдени құндылықтар тұрғысынан зерттеу қажеттілігімен анықталады. Тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категориялары тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның рухани-әлеуметтік дамуын айқындайтын маңызды ұғымдар болып табылады. Қазақ философиясының тарихи және мәдени ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазіргі философиялық дискурстарға жаңа серпін беру мүмкіндігі зор.

Алиева С.А. адам өмір сүріп жатқан уақыт пен бақыттың мәнін түсіну арасында белгілі бір заңдылық байқалады деп санайды. Адамзаттың жүйелі мәдени кезеңдерінде немесе прогрессивті даму сатыларында, өмір бірқалыпты өткен кезде, адам бақыттың мәні туралы терең ойланбаған сияқты көрінеді [1].

Площанская М.И. ағартушылар дәуіріндегі француз материалистерінің көзқарастары ерекше назар аударған [2]. Юльен Ламетри бақытты жанның тыныштығы мен үйлесімділігінде деп санаған. Оның пайымдауынша, егер жан мазасыздық, үрей және күмәнмен толы болса, бақыт адамнан алыстайды. Ол қысқа мерзімді бақытты тек қана ләззат алу ретінде қарастырған. Поль Анри Гольбахтың көзқарасы бойынша, бақыттың мәні – басқаларды бақытқа жеткізу. Бұл адам өмірінің әлеуметтік қырын ерекше атап көрсететін көзқарас болды. Гольбах үшін адамның өзі ғана емес, айналасындағы адамдар да бақытқа қол жеткізген жағдайда ғана өмірдің шынайы мәні ашылады. Клод Адриан Гельвеций бақытты үстемдік етуші феодалдық таптың жалған ұғымдарын жоққа шығару арқылы түсіндірген. Ол бақытты адамның табиғи қажеттіліктерін қанағаттандырумен шектелмей, олардан жоғары тұру қабілеті деп сипаттады. Бұл жерде адамның ерік-жігері мен өзін-өзі басқара білуі маңызды рөл атқарады.

Мисько А.А. атап өткендей, бақытты тек материалдық байлық немесе жетістіктер арқылы анықтау мүмкін емес. Көптеген философиялық дәстүрлер шынайы бақыттың адамның ішкі күйінен және өмірге деген көзқарасынан бастау алатынын ерекше атап көрсетеді. Бұл көзқарас қазіргі сәтті қабылдау, қолда барға риза болу және мейірімділік, шыдамдылық пен даналық сияқты ішкі қасиеттерді дамыту арқылы көрініс табады [3].

Е.Н. Трубецкойдың XX ғасырдың басында жазылған «Өмірдің мәні» атты еңбегі өмірдің мәні мәселесін зерттеудегі ең маңызды жұмыстардың

бірі болып саналады. Трубецкой бұл еңбегінде «мән» ұғымының табиғатын және «мәнді сұрастыру» дегеннің нені білдіретінін анықтауға тырысты. Оның пікірінше, «мәнді сұрастыру» дегеніміз – бір нәрсенің абсолютті мағынасы туралы ойлану, яғни жеке адамның субъективті пайымдауынан немесе белгілі бір ой еркіндігінен тәуелсіз, баршаға ортақ және бәрінен жоғары мағынаны іздеу. Трубецкойдың анықтамасы бойынша, өмірдің мәнін іздеу – адамның өз санасын объективті және жалпыға ортақ категориялармен байланыстыру әрекеті, сондай-ақ өзінің өмірі мен әрекеттерінің баршаға ортақ құндылықтарын анықтау әрекеті. Оның көзқарасында өмірдің мәні туралы сұрақ келесідей сипатталады: «Менің өмірім барша үшін қандай мағынаға ие бола алады?» [4].

Билалов М.И. философиядағы “өмірдің мәні” мәселесінде ақиқат ұғымының маңыздылығын қарастырады. Бұл ұғым әлеуметтік субъектінің іс-әрекетінің құндылықтық қырын анықтауда ерекше тәсілді қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай тәсілдің бастауы ретінде Сократтың этикалық рационализмі алынған, ол философияда ақиқат пен адамгершілік мәселелерін терең зерттеген. Сократтың дәстүрлері таным процесінде тек рационалдылыққа ғана емес, сонымен қатар мистикалық, эзотерикалық, бейсаналық және иррационалдық қырларды пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл ақиқаттың, білімнің және биліктің ішкі байланысын ашып, “өмірдің мәні” философиясында ерекше концептуалдық маңызға ие болды [5].

Әдістеме

Зерттеуде қазақ философиясы мен ағартушылар философиясының негізгі еңбектері талданып, олардың тағдыр, бақыт және өмірдің мәні категориялары туралы тұжырымдары салыстырылды. Бұл зерттеу үшін материалдар ретінде қазақ философиясының классикалық өкілдері мен ағартушылық дәуірдің ойшылдарының еңбектері пайдаланылды. Қазақ философиясынан Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» [6] мен өлеңдері, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» [7] және «Ар ілімі» [8] еңбектері алынса, ағартушылар философиясынан Иммануил Канттың «Практикалық ақыл-ойды сынау» [9], Жан-Жак Руссоның «Қоғамдық келісім» трактаты [10] таңдалды.

Материалдарды талдау барысында мазмұнды талдау әдісі қолданылып, әрбір еңбектегі негізгі идеялар жүйеленіп, тақырыптық түрде зерттелді. Бұл әдіс қазақ және ағартушылар философиясындағы тағдыр, бақыт және өмір мәні категорияларын жан-жақты салыстыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ философиясының ұғымдары ағартушылық дәуірдің идеяларымен салыстырылып, олардың ортақ тұстары мен айырмашылықтары анықталды.

Абай мен Шәкәрім философиясындағы тағдыр

Зерттеу барысында тағдыр ұғымы қазақ философиясы мен ағартушылар философиясында адам болмысының маңызды категориясы ретінде қарастырылды. Қазақ философиясында тағдыр ұғымы ұлттық дүниетаным мен діни-рухани түсініктерге негізделген, сонымен бірге адамның еркін әрекеті мен моральдық жауапкершілігімен тығыз байланысты. Абай Құнанбайұлы тағдырды адамның өз еркімен жасаған таңдаулары мен әрекеттері арқылы анықталатын құбылыс ретінде қарастырды. Ол үшін тағдыр тек жазмыш емес, еңбек пен білім арқылы қалыптасатын процесс. Оның «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген өлең жолдары тағдырды адамның жеке жауапкершілігі мен еркін әрекеті ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, Абай тағдырды Құдайдың жазмышы ретінде де қабылдай отырып, адамның әрекеті мен моральдық ұмтылыстары арқылы бұл жазмышты өзгертуге болатынын айтады. Бұл оның еркіндік пен жауапкершілік туралы ойларымен үйлеседі.

Абайдың көзқарасы бойынша, тағдыр адамның еркіндігінен тыс жатқан құбылыс емес. Ол адамға еркіндік пен ақыл-ой берілгенін және осы қасиеттер арқылы адам өз өмірінің бағытын өзгерте алатынын ерекше атап өтеді. Бұл түсінік «Отыз жетінші қара сөзде» айқын көрінеді, онда ол адамның мінезі мен әрекеттерін тағдырдың шешуші факторы ретінде қарастырады. Абайдың пайымдауынша, адам өзіне берілген еркіндік пен ақыл-ойды дұрыс қолданса, тағдырын жақсылыққа өзгерте алады.

Мысалы, «Отыз сегізінші қара сөзде» Абай Құдайдың адамға ақыл, қайрат және жүрек бергенін айта отырып, олардың үйлесімді әрекеті арқылы адамның өзіндік «тағдырын» жасайтынын түсіндіреді. Абайдың пікірінше, адам осы қасиеттерді дұрыс пайдаланса, ол өз өмірін ізгілік пен жақсылыққа бағыттап, өзінің тағдырын басқара алады.

Абай «Қара сөздерінде» тағдырды адамның жауапкершілігімен тығыз байланыстырады. «Жиырма жетінші қара сөзде» ол адамның өмірде кездесетін қиыншылықтары мен сәтсіздіктерін тағдырдың жазмышы ретінде қабылдай салмай, олардың себебін өзінен іздеу керектігін айтады. Адам өз әрекеттері мен таңдаулары үшін жауапты, сондықтан тағдыр тек сыртқы күштердің ықпалы ғана емес, адамның ішкі болмысының да айнасы болып табылады.

Абайдың көзқарасы бойынша, тағдырға сілтеме жасап, әрекетсіздік таныту – әлсіздіктің белгісі. «Бесінші қара сөзде» ол адамның жалқаулығы мен талапсыздығы тағдырдың сәтсіз болуына әкелетінін сынға алады. Бұл жерде тағдыр адамның өз еркі мен әрекеттеріне тәуелді екенін көреміз.

Абай тағдырды адамның моральдық ұмтылыстары арқылы өзгертуге болатынын көрсетеді. «Он үшінші қара сөзде» ол адамның өмірдегі басты

мақсаты – ізгілікті ұстану екенін айтады. Тағдырды жақсарту, бақытқа жету тек рухани кемелдену және әділеттілікке ұмтылу арқылы жүзеге асады. Абайдың ойынша, адамның тағдыры оның ішкі құндылықтарымен және моральдық ұмтылыстарымен тікелей байланысты. Ол ізгілікке, шындыққа және әділеттілікке бағытталған адам ғана өз тағдырын жақсылыққа өзгерте алады.

Абай «Қара сөздерінде» тағдырды білім мен ақыл арқылы басқаруға болатынын ерекше атап өтеді. «Он тоғызыншы қара сөзде» ол білімнің адам өміріндегі маңыздылығын атап өтіп, надандық пен білімсіздік тағдырды ауырлататынын айтады. Білім мен ақыл-ойды дұрыс пайдалану арқылы адам өз тағдырын жақсарта алады. Бұл идея Абайдың «Өзің сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген өлең жолдарымен де үндеседі.

Абай тағдырды Құдайдың жазмышы ретінде де қарастырады, бірақ бұл түсінікті адамның әрекеттерімен үйлесімде түсіндіреді. «Отыз сегізінші қара сөзде» ол адамның барлық әрекеттері Құдайдың қалауымен жүзеге асатынын айтады, бірақ бұл адамның өз еркіндігін жоққа шығармайды. Құдайдың берген ақылы мен еркіндігін пайдаланып, адам өзінің өмір жолын өзгерте алады. Абайдың түсінігінде Құдай адамға тағдыр сыйлайды, ал оны жақсылыққа немесе жамандыққа бұру адамның қолында.

Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде тағдыр рухани жетілу мен адамның моральдық қасиеттерімен байланыстырылады. «Үш анық» және «Ар ілімінде» ол тағдырды әділеттілік пен ар тазалығымен ұштастырып, адамның тағдырын өз әрекеттері мен рухани құндылықтары арқылы өзгерте алатынын көрсетеді. Шәкәрімнің пайымдауынша, тағдырды тек сыртқы күштердің нәтижесі деп қабылдауға болмайды, өйткені адам рухани ізденіс пен әділетті әрекеттер арқылы өз өмірінің бағытын өзгерте алады.

Шәкәрімнің көзқарасында тағдыр адамның рухани жетілуімен тығыз байланысты. Ол «Ар ілімінде» әділеттілік пен ар тазалығын тағдырды анықтайтын негізгі факторлар ретінде көрсетеді. Шәкәрімнің пікірінше, адам тағдыры оның моральдық қасиеттеріне және әділеттілікке деген ұмтылысына тәуелді. Адамның ар-ожданын тазарту арқылы өзінің тағдырын жақсылыққа өзгертуге мүмкіндігі бар. «Үш анық» еңбегінде Шәкәрім тағдырды адамның ішкі болмысының айнасы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, адам өз жан дүниесінің рухани тазалығы мен әділеттілікке негізделген әрекеттері арқылы тағдырын басқара алады. Шәкәрім тағдырды жазмыш ретінде қабылдамай, оны адамның ішкі еркіндігі мен әрекеттерінің нәтижесі деп түсіндіреді.

Иммануил Кант пен Жан-Жак Руссо философиясындағы тағдыр

И.Канттың тағдыр туралы түсінігі оның «Практикалық ақыл-ойды сынау» және «Метафизика нравственности» еңбектерінде көрініс табады. Ол тағдырды адам еркіндігі мен моральдық заңға бағыну арқылы анықталатын құбылыс ретінде сипаттайды. Канттың айтуынша, адам өміріндегі тағдыр оның моральдық шешімдеріне тәуелді. Егер адам өзінің әрекеттерін жоғарғы моральдық заңға сәйкес жүзеге асырса, оның тағдыры игілікке толы болады.

Канттың моральдық философиясында «категорикалық императив» – тағдырды түсінудің негізгі құралы. Бұл қағидаға сәйкес, адам әрбір іс-әрекетін бүкіл адамзатқа қолданылатын жалпыға ортақ заң ретінде қарастыруы керек. Адам тағдырын жақсылыққа бағыттау үшін, ол моральдық заңды басшылыққа алуы тиіс. Моральдық заңға бағыну – адамның еркіндігін жүзеге асырудың және тағдырын игілікке бағыттаудың негізгі жолы.

Иммануил Канттың философиясында тағдыр ұғымы еркіндікпен тығыз байланысты. Ол тағдырды адамның өз таңдауымен және әрекеттерімен анықталатын процесс ретінде түсіндіреді. Кант үшін еркіндік – адам болмысының басты ерекшелігі. Бұл еркіндік адамның тағдырын сыртқы күштерден емес, өзінің ішкі моральдық заңдары арқылы басқаруға мүмкіндік береді.

Кант еркіндікті сыртқы қажеттіліктер мен табиғат заңдарына бағынбайтын, адамның өз моральдық ұстанымдарын таңдау құқығы ретінде сипаттайды. Осы тұрғыда тағдыр – еркіндіктің және моральдық міндеттердің үйлесімділігі. Егер адам өз еркіндігін моральдық жауапкершілікпен пайдалана білсе, оның тағдыры позитивті болмақ. Еркіндік пен моральдық жауапкершілік бір-бірін толықтырады, бұл Кант философиясында тағдырды түсінудің орталық идеясы.

Кант тағдырды адамның өз міндеттерін орындауы арқылы жүзеге асырылатын құбылыс деп біледі. Ол адам өмірінің мәнін өзінің адамгершілік міндеттерін орындаумен байланыстырады. Адамның тағдыры тек оның жеке мүдделері мен қалауларына емес, оның бүкіл адамзат алдындағы моральдық міндеттеріне де тәуелді. Канттың пікірінше, адамгершілік міндеттерді орындау – тағдырды игілікке бағыттаудың ең тиімді жолы.

Бұл тұжырымдама оның моральдық философиясында ерекше орын алады. Кант үшін адамгершілік міндеттері адамның ақыл-ойына негізделген, сондықтан олар универсалдық сипатқа ие. Адам өзінің тағдырын қалыптастыруда тек өзіне ғана емес, бүкіл адамзатқа пайдалы болатындай әрекет етуі керек.

Руссо үшін тағдыр адамның табиғи еркіндігімен тығыз байланысты. Ол өзінің «Табиғи жағдай туралы ойларында» адамды бастапқыда

табиғатта еркін және бақытты болған деп сипаттайды. Бұл табиғи еркіндік қоғамға тәуелді емес, адамның өз табиғатымен үйлесімді өмір сүруін білдіреді. Адамның тағдыры, Руссоның пікірінше, осы табиғи еркіндікті сақтай білуімен айқындалады.

Алайда, Руссо адамның тағдырын тек табиғатпен шектемейді. Ол адамның әлеуметтік байланыстарға түсуімен табиғи еркіндіктің жоғалатынын және бұл жаңа жағдайда адамның тағдыры оның әлеуметтік және моральдық ұстанымдарына тәуелді болатынын көрсетеді. Осылайша, тағдыр табиғаттан алынған бастапқы еркіндік пен қоғамдағы еркіндік арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігінен туындайды. Руссо қоғамның адам тағдырына әсерін терең зерттеді. Оның «Қоғамдық келісім» еңбегінде қоғамды ұйымдастырудың әділетті жолдарын іздеу арқылы адамның тағдырын жақсартуға болатынын көрсетеді. Руссоның пікірінше, қоғамдағы теңсіздік пен әділетсіздік адамның тағдырын ауырлатып, оны табиғи еркіндігінен айырады. Адам қоғамға кіргенде, оның тағдыры сол қоғамның заңдары мен моральдық құрылымына тәуелді болады.

Руссо қоғам мен адамның арасындағы бұл байланыс арқылы тағдырдың өзгермелі екендігін көрсетеді. Егер қоғам әділеттілікке негізделсе және табиғи құқықтар сақталса, адамның тағдыры оң бағытта дамиды. Керісінше, әділетсіздік пен теңсіздікке толы қоғамда адамның тағдыры жойқын күй кешеді. Руссоның пікірінше, адамның тағдыры қоғамдағы әділеттілік деңгейімен тығыз байланысты. Руссо тағдырды моральдық қағидаларға бағыну арқылы түсіндіреді. Ол адамның тағдыры оның моральдық ұстанымдарына және қоғамда әділ өмір сүру қабілетіне тәуелді екенін атап өтеді. Руссо үшін моральдық тазалық пен әділеттілік – адамның тағдырын игілікке бағыттайтын негізгі қағидалар.

Оның «Эмиль, немесе Тәрбие туралы» еңбегінде адам тағдырын тәрбие арқылы жақсартуға болатыны айтылады. Руссоның пікірінше, дұрыс тәрбие адамның моральдық құндылықтарды қабылдауына және өзінің тағдырына оң әсер етуіне мүмкіндік береді. Моральдық ұстанымдары берік адам ғана тағдырын басқара алады.

Әр ойшыл бұл ұғымды өзінің дүниетанымы мен мәдениетіне негіздей отырып түсіндіреді. Жан-Жак Руссо, Иммануил Кант, Абай Құнанбайұлы және Шәкәрім Құдайбердіұлы тағдырды әртүрлі тұрғыда қарастырғанымен, олардың көзқарастары еркіндік, мораль және жауапкершілік тұрғысынан ұқсастықтар табады. Сонымен қатар, бұл ойшылардың философиялық ұстанымдары мен мәдени контекстері арасында айтарлықтай айырмашылықтар да бар.

Кесте 1. Тағдыр ұғымын салыстырудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар

Өлшемдер	Ұқсастықтар	Айырмашылықтар
Еркіндік	Барлық ойшылдар еркіндікті тағдырды анықтайтын негізгі фактор ретінде қарастырады	Абай мен Шәкәрім еркіндікті еңбек пен моральдық ізденіспен байланыстырады, ал Кант оны моральдық заңдарға бағыну арқылы түсіндіреді. Руссо еркіндікті табиғат жағдайындағы адам болмысына негіздейді.
Мораль	Тағдыр адамның моральдық ұстанымдары мен жауапкершілігіне тәуелді.	Абай мен Шәкәрім тағдырды рухани жетілумен және ар тазалығымен байланыстырады. Кант үшін тағдыр моральдық заңға бағыну арқылы анықталады. Руссо моральды әлеуметтік әділет-тілік тұрғысынан қарастырады.
Қоғам	Әділеттілікке негізделген қоғам адамның тағдырын жақсартады	Руссо қоғамның әділетсіздігі адамның тағдырын қиындатады деп есептейді, ал Кант қоғамның моральдық заңдарды сақтауына ерекше мән береді. Абай мен Шәкәрім қоғамдағы әділеттілік пен рухани құндылықтарды сақтауға баса назар аударады.
Адамның рөлі	Тағдырды тек сыртқы күштер емес, адамның өз әрекеттері қалыптастырады	Абай мен Шәкәрім адамның жеке жауапкершілігі мен еңбегін тағдырды жақсартудың басты шарты деп есептейді. Кант бұл рөлді моральдық міндеттер арқылы іске асырады. Руссо қоғам мен адамның өзара қарым-қатынасына ерекше мән береді
Табиғат	Барлық ойшылдар табиғаттың тағдырға әсерін мойындайды, бірақ әртүрлі дәрежеде түсіндіреді	Руссо тағдырды табиғатпен үйлесімділік арқылы түсіндірсе, қазақ ойшылдары (Абай, Шәкәрім) тағдырды рухани ізденіс пен моральдық қасиеттермен байланыстырады

Ойшылдардың барлығы тағдырды адамның әрекеттері мен моральдық тандауларына негізделген динамикалық процесс ретінде қарастырған. Дегенмен, Абай мен Шәкәрім тағдырды рухани ізденіс пен Құдайдың әділетімен байланыстырса, Кант оны моральдық заңдарға бағыну арқылы түсіндіреді. Ал Руссо қоғамдағы әділеттілікті тағдырды жақсартудың басты шарты ретінде бағалайды.

Бақыт және өмірдің мәні туралы

Жан-Жак Руссо бақытты адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруімен және оның еркіндігін сақтауымен байланыстырды. Ол адамның бастапқы табиғи жағдайында еркін және бақытты екенін атап өтті, бірақ қоғамға кірген соң бұл табиғи бақыт жоғалады немесе бұзылады деп есептейді. Руссонның көзқарасы бойынша, бақыт – адамның табиғи құқықтарын сақтау мен әділеттілікке негізделген қоғам құру арқылы жүзеге асатын құбылыс. Руссо өзінің «Табиғи жағдай туралы ойлар» еңбегінде адамның табиғи еркіндік жағдайында толық бақытқа ие екенін сипаттайды. Бұл жағдайда адам табиғатпен үйлесімде өмір сүреді, оған ешқандай әлеуметтік шектеулер немесе теңсіздік әсер етпейді.

Иммануил Кант бақытты адамның моральдық заңдарға сәйкес өмір сүруі мен міндеттерін орындауынан табылатын ішкі қанағат ретінде түсіндіреді. Кант үшін бақыт – сезімдер мен тілектерді қанағаттандыру

емес, адамның ақыл-ойы мен моральдық жауапкершілігіне негізделген құндылық. Ол бақытты моральдық қағидаларға бағынудың салдары ретінде қарастырады. Кант «Практикалық ақыл-ойды сынау» еңбегінде адамгершілік заңдарына бағыну арқылы бақытқа жетуге болатынын көрсетеді. Егер адам өзінің әрекеттерін тек жеке қызығушылығына емес, жалпыға ортақ моральдық принциптерге сүйеніп жасаса, ол шынайы бақытқа жетеді. Бақытқа жету үшін Кант адамның өз әрекеттерін бүкіл адамзатқа жарамды заң ретінде қарастыруы керек деп есептейді. Бұл тәсілде бақыт адамның жеке емес, жалпыға ортақ моральдық принциптерді ұстануына байланысты.

Абай Құнанбайұлы бақытты адамның ізгілікті өмір сүруімен, еңбегімен және рухани жетілуімен байланыстырды. Ол бақытты сыртқы жағдайлардан емес, адамның ішкі жан дүниесінің тазалығынан, ақыл мен жүректің үйлесімінен іздеу керек деп есептеді. Абай бақытқа жету жолында адамның еңбегін, ақылын және моральдық ұстанымдарын жоғары қояды. Абай бақытты адамның ізгілікке ұмтылысымен байланыстырады. Оның «Толық адам» тұжырымдамасы адамның рухани жетілуі арқылы бақытқа жету идеясын негіздейді. Адамның жаны мен жүрегі таза болғанда ғана ол шынайы бақытты сезінеді. Шәкәрім Құдайбердіұлы бақытты адамның ар тазалығы, әділеттілік және рухани ізденісі арқылы жететін құбылыс деп түсіндіреді. Ол бақытты сыртқы материалдық игіліктермен емес, адамның ішкі жан дүниесінің тазалығымен және әділетті өмір сүруімен байланыстырады. Шәкәрімнің ойынша, бақытқа жету үшін адам моральдық принциптерді ұстанып, рухани ізденіс жолында болуы керек.

«Ар ілімінде» Шәкәрім адамның бақытқа жетуі үшін ар-ождан тазалығын сақтауы қажеттігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, бақыт – рухани тепе-теңдік пен әділеттілікке негізделген өмірдің нәтижесі.

2 кестеде ойшылдардың бақыт туралы ойлары көрсетілген.

Кесте 2 – Ойшылдардың бақыт туралы ойлары

№	Автор	Сипаттамасы
1	Жан-Жак Руссо	Бақытты табиғи еркіндікті сақтау мен әділетті қоғам құру арқылы табуға болатынын айтты.
2	Иммануил Кант	Бақытты моральдық заңдарға бағыну мен моральдық міндеттерді орындау арқылы ішкі рухани қанағат ретінде түсіндірді.
